



КАРАНТИН ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛЕДІ

ҚР Премьер-министрі Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Мемлекеттік комиссия отырысында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру шаралары қаралды. Елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай және коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында шектеу шараларын енгізу бойынша ұсыныстар туралы Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой баяндады.

Қазақстанда эпидемиологиялық ахуалдың өршуін және коронавирус инфекциясымен сырқаттанушылардың өсуін ескере отырып, Мемлекеттік комиссия биылғы 5 шілдеден бастап 14 күнге келесі шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылдады:

Көлік қатынасы бойынша:

1. Елдер тізімін көбейтпей, халықаралық әуе қатынасын сақтау;
2. Өңірлер арасындағы әуе қатынасын, теміржол қатынасын сақтау (шектеулермен);
3. Өңірлер арасындағы жолаушылар автобусы қатынасын уақытша тоқтату;
4. Қоғамдық көліктің жұмысын уақыт бойынша шектеу.

Азаматтардың жүріп-тұруы бойынша:

1. Ойын-сауық, спорт және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ, отбасылық, еске алу шараларын өткізуге тыйым салу;
2. Ашық ауада жаттығулар жасауға рұқсат ету;
3. Тұрғындардың көшелерде, саябақтарда, скверлерде 3 адамнан артық серуендеуін шектеу;
4. 65 жастан асқан адамдардың сыртқа шығуын шектеу.

Мына нысандардың қызметіне тыйым салу керек:

Сұлулық салондары, шаштараз, спорт залдары, фитнес орталықтар, бассейндер, азық-түлік және азық-түліктік емес жабық базарлар, жағажайлар, аквапарктер, мәдениет нысандары, музейлер, көрмелер, форумдар, конференциялар және өзге де ұйымдастырылған бұқаралық іс-шаралар, ойын-сауық орталықтары, мектепке дейінгі балалар мекемелері (кезекші топтардан басқа), діни нысандар және т. б. (СОСО-дағы ойын-сауық орталықтары, ойын-сауық нысандары (караоке, бильярд, компьютер клубтары, боулинг орталықтары), кинотеатрлар, балаларды сауықтыру лагерлері, фудкорттар, банкет залдары).

Мемлекеттік органдардың (ұйымдардың), кеңселердің, ұлттық компаниялардың және өзге де ұйымдардың қызметкерлерінің кемінде 80 пайызының қашықтан жұмыс істеу режимін сақтау;

Алдын ала жазылу бойынша медицина орталықтарының қызметін сақтау;

Дәріханалардың, азық-түлік дүкендерінің, ашық базарлардың қызметін сақтау;

Күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, келесі нысандардың қызметін сақтау: ашық ауада қоғамдық тамақтану нысандары; үздіксіз өндірістік айналымы бар құрылыс, өнеркәсіп кәсіпорындары; ашық ауадағы құрылыс жұмыстары; ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы және мал шаруашылығы жұмыстары; халыққа қызмет көрсету салалары, оның ішінде көлік жуу, автомобильдерді және тұрмыстық техниканы жөндеу, ХҚКО-лар, екінші деңгейлі банктер (уақыт бойынша шектеу енгізумен).

Үкімет басшысы еліміздегі эпидемиологиялық ахуалдың алдағы уақытта қалай өзгеретініне байланысты аталған шектеу шаралары 2 аптаға ұзартылуы немесе қатаңдатылуы мүмкін екенін атап өтті.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

ЗАҢ

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНЕ» АЙНАЛҒАН ҚАЛА



Ел астанасының тарихы көне шаһарлардың тарихындай том-том кітапқа жүк болмаса да, 23 жылдық кезеңді басынан өткерді. Бұл 23 жылдың қандай міндет-мұраттарды арқалап, қандай тәуекелдерді басынан кешіргеніне, нендей тарихи оқиғаларды артқа тастап, мемлекет үшін қандай салмақтағы келелі жиындарды өткергеніне күллі отандасымыз куә.

(Соңы 3-бетте)

ТҮЙТКІЛ

ТҰСАҮКЕСЕР

МИНИСТР АУЫСҚАНЫМЕН, МӘСЕЛЕ ҚАЛДЫ

КҮНІ КЕШЕГЕ ДЕЙІН КОРОНАВИРУСТЫҢ БАРЫНА СЕНБЕЙ, «ҮКІМЕТТІҢ САЯСАТЫ», «ӘЛДЕНІМНІҢ ОЙДАН ШЫҒАРҒАН САНДЫРАҒЫ» ДЕП КЕЛГЕН КӨПШІЛІК БҮГІНДЕ АҒАЙЫН-ТУМАСЫ, ОТБАСЫ МҮШЕЛЕРІ АУЫРЫП, ЖАНЫ ҚЫСЫЛҒАН СӘТТЕ ҒАНА ІНДЕТТІ МОЙЫНДАЙ БАСТАДЫ. МОЙЫНДАП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ЕНДІ ӨЗДЕРІ ДЕ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН ҚОЛҒА АЛДЫ. ӨЙТПЕСКЕ АМАЛ ДА ҚАЛМАДЫ. ТЫНЫСЫ ТА-РЫЛЫП, ДЕМ ЖЕТПЕЙ, АЗ ҒАНА УАҚЫТ АУЫРЫП, ДҮНИЕДЕН ӨТІП КЕТІП ЖАТҚАН ЖАҚЫН-ЖУЫҚТАРЫ КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ТІТІМДЕЙ ВИРУСТЫҢ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚА-УІПТІ ЕКЕНІН ҰҚТЫРҒАНДАЙ. АУРУХАНА ҚАБЫЛДАМАЙ, ҚАЛАНЫ АДАҚТАП, ІЗДЕГЕН ДӘРІ-ДӘРМЕГІН ТАППАЙ АШЫНҒАН ЖҰРТ ЕНДІ ДАБЫЛ ҚАҒУДА. ОСЫНДАЙ КОРОНАВИ-РУСТЫҢ ӨРШІП ТҰРҒАН КЕЗІНДЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДА БОЛЫП ЖАТҚАН АУЫС-ТҮЙІС ТЕ ҚАРАПАЙЫМ ХАЛЫҚ АРАСЫНДАҒЫ ДҮРБЕЛЕНДІ.ҮРЕЙДІ ЕСЕЛЕДІ.

Өуелі вирустың келетінін болжап, «сәуегейсіген» бас санитар Жандарбек Бекшин өзінің лауазымды жұмысынан кетті. Оның орнына министр Елжан Біртановтың бұйрығымен Денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтау саясаты

департаментінің директоры қызметіндегі Айжан Есмағамбетова жаңа бас санитар дәрігері болып тағайындалды.

Тауарлар мен қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті төрағасының

орынбасары – бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің орынбасары лауазымына орналасқан Бекшин көп ұзамай өз қызметін Алматы қаласының бас санитары болып жалғастырды.

Өткен аптада Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов қызметінен кетті. Өлеуметтік желідегі парақшасында экс-министр өзінің мұндай шешімге келуін коронавирус инфекциясын жұқтырып алғаннан кейін пневмонияның асқынуына байланысты қосымша ем қабылдау қажет болғандығымен түсіндірді. Сонымен қатар, ол қазіргі уақытта елдегі эпидемиологиялық жағдайдың күрделенуі – министрлік деңгейінде де, өңірлердің денсаулық сақтау саласында да саланы толыққанды басқару қажет деп санайтынын айтып, еліміздің денсаулық сақтау жүйесінің күн санап ауырлай түскен жүкті еңсеретініне сенім білдірді.

(Соңы 3-бетте)



КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ МЕН ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢБЕГІ

Жақында «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Тәуелсіз Қазақстанның конституциялық құрылысындағы рөлі: Елбасы тәжірибесі» атты кітаптың онлайн-таныстырылымы болды. Оны Конституциялық Кеңес және Нұрсұлтан Назарбаев қоры ұйымдастырды.

Кітап Республиканың Тұңғыш Президентінің мерейтойына орай дайындалды және Қазақстан Республикасы Конституциясының 25 жылдығын өткізу жөніндегі ұлттық іс-шаралар жоспарын жүзеге асыру аясында шығарылды.

(Соңы 2-бетте)

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АУЫС-ТҮЙІСТЕР ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТА МА?

О Есенжол АЛИЯРОВ, *Қазақстандық гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының президенті, саяси ғылымдар докторы:*

– Біздің білуімізше, Денсаулық сақтау министріні ауыстырудың бірінші себебі Елжан Біртановтың коронавирс жұқтырып алғаны шығар. Екінші себеп, денсаулық сақтау саласын тығырықтан алып шыға ала ма, алмай ма, білмейміз. Менің ойымша, билік өз функцияларын атқарып келе жатыр. Сол себепті карантин басталып жатқан кезде алдымен Қызылорда облысының әкімін ауыстырды. Ол кезде облыстың бұрынғы басшысын сыбайлас жемқорлыққа жол бергені үшін ауыстырғаны айтылды. Одан кейін Әлихан Смайыловты Премьер-министрдің бірінші орынбасары қызметінде қалдырды да, Қаржы министрі міндетін одан алды. Бұл биліктегі тактикалық міндеттерді атқару үшін жасалса орынды деп ойлаймын.

«Өткелде ат ауыстырмайды» дейді халық. Елдегі медициналық жағдай шиеленісіп, коронавирусқа шалдыққандар мен қайтыс болғандар саны артқан тұста билік денсаулық сақтау саласына кадрлық өзгерістер жасап жатыр. Жағдай ушығып тұрған тұста бұл шешім қаншалықты орынды? Мамандар пікірі қандай?

Әлібек ШАПЕНОВ, ҚКХП Алматы қалалық комитетінің бірінші хатшысы:

– Қарапайым азамат ретіндегі жеке пікірім, бүгінгі таңда биліктің күші коронавирсқа жетпей жатыр. Оның таралуы жыл басында басталды ғой. Бұл туралы ақпарат болды, бүгін болмаса ертең бізде де болады деген болжам жасалды. Бірақ, сонша уақыт өткенімен ешқандай дайындықты көріп жатқан жоқпыз. Тіпті әлі күнге дайын емеспіз. Жедел жәрдем көліктері, дәрі-дәрмек пен анализ тапсыратын құрылғылардың өзі жетпей жатыр. Мысалы, менің балама жұмыс орнына анықтама керек болып, анализ тапсыратын бірнеше жерге барған.

(Соңы 3-бетте)

САРАП

Ағымдағы жылдың 10 маусымында мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексіне (Әрі қарай – Кодекс) соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. Аталған заңды қабылдаудағы мақсат – қоғамның сот төрелігіне деген сенімін арттырып, соттардың жұмысын оңтайландыру.



АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСКЕ БЕТБҰРЫС ЖАСАҒАН ЗАҢ

Бүгінде мыңның сүзгісінен өтіп, әбден сараланып, өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кодекспен судьялар жұмыс жасауды бастады. Аталған кодексті қабылдаудағы басты жетістік – судьялардың өз бастамасы бойынша іске қатысты дәлелдемелерге сұрау салып, қажет кезде дау бойынша өз пікірін білдіруге құқығының көзделуі. Бұрынғы кодекс талаптарына сәйкес, судья өз бастамасымен дәлелдемелер жинай алмайтын еді. Бұл істегі мән-жайлардың толық ашылуына кедергі келтіріп, талап қоюшылардың сотқа деген наразылығын тудыратын. Аталған кодекстің 15-бабының негізінде енді сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың құқықтық позициялары мен дәлелдемелерін нақтылайды, істің мән-жайларын талқылап, осы кодексте көзделген жағдайларда, оларға өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі. Сондай-ақ, сот тараптың уәжді өтінішхаты бойынша не өз бастамасы бойынша істің материалдарын жинау және зерттеу, тараптар дәлелдерінің негізділігін және сотқа ұсынылған дәлелдемелердің анықтығын тексеру бойынша шаралар қабылдайды.

Сонымен қатар, жаңа кодексте татуластыру рәсімдері бойынша да өзгерістер бар. Мәселен, жер, еңбек, отбасы, мұрагерлікке қатысты күрмеуі қиын дауларды бес күннің ішінде түйінін тарқатып, тараптарды татуластырып, нүкте қою мүмкін емес еді. Жаңа заң талаптарына сәйкес, енді татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қою арызын қабылдау талап қою арызы түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Бұл туралы кодекстің 150-бабының бірінші бөлігінің екінші және үшінші абзацтарында кеңінен жазылған.

Елбасымыздың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 24-қадамы Дубай тәжірибесі бо-

йынша Астана қаласында AIFC халықаралық арбитраждық орталығын құруға арналған еді. Бүгінде аталған бағдарлама негізінде Елордада Астана халықаралық қаржы орталығы бой көтеріп, АХҚО Соты мен Халықаралық арбитраж төрелік орталығы жұмыс жасайды. Мұнда ірі инвесторлардың даулары, қаржылық даулар қаралады. Кодекстегі өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, егер тараптар ісінің АХҚО қаралғанын қаласа өтініш беру арқылы жүзеге асыруына болады.

Жаңа Азаматтық-процестік кодексте сот талқылауының аудио-, бейнежазбасы электрондық хаттама деп танылды. Сондай-ақ, жеңілдетілген іс жүргізуде соттар істерді тек қана электронды түрде, яғни заңды тұлғалардың екі мың айлық көрсеткіштен аспайтын, жеке кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар үшін бір мың айлық көрсеткіштен аспайтын талап-арыздарды қарайтын болды. Бұрынғы заңнама бойынша бұл – заңды тұлғалар үшін жеті жүз айлық көрсеткіш, жеке тұлғалар үшін екі жүз айлық көрсеткіштен аспайтын еді. Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралатын істер бойынша талап қою бағасының ұлғайтылуы, аталған санаттағы істердің электронды форматта қаралуы істердің қысқа мерзімде қаралып, даудың тез арада шешімін табуына ықпалын тигізеді. Осы орайда, өңір соттарында 2020 жылдың 6 айында 1589 іс оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған.

Қорыта айтқанда, азаматтардың құқығын қорғауда, судьяға дауды толық шешуіне мүмкіндіктер беру және тараптардың іс жүргізу шығындарын азайтуда аталған заңның маңызы зор.

Қазила САҒЫНДЫҚОВА,
Маңғыстау облыстық
сотының судьясы

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

ДИПЛОМ – ӨМІРДЕН ОРНЫҢДЫ ТАБУҒА БЕРІЛГЕН МҮМКІНДІК



Алматы облысы, Заречный ауылындағы Ала-155/14 мекемесінде орналасқан кәсіптік колледжде 66 бітірушіге мемлекеттік үлгідегі дипломдар тапсырылды. Кәсіптік колледж директоры Берік Байлов бұл шараны барынша бітірушілер есінде қалатындай етіп ұйымдастыруға тырысты.

Себебі ағымдағы жылдың наурыз айынан бастап елімізде төтенше жағдай жарияланғаны белгілі. Мұндай кезде карантиндік режимді сақтау міндет. Осыған байланысты колледж тапсырмаларды қағаз жүзінде тасымалдап оқыту жүйесіне көшкен еді. Ұжым мен мекеме қызметкерлері өзара байланыс жасап, кәсіптік білім алушылардың өз мамандығын жетік меңгеруіне жан-жақты жағдай жасап, бағыт-бағдар берді. Тапсырмалар, оқу бағдарламасына сәйкес, тест, тірек-сызба, кестелер түрінде орындауға қолайлы әрі ыңғайлы дайындалды. Нәтижесінде студенттер автокөлік жөндеуші слесарь, электрогазбен дәнекерлеуші, сандық ақпараттарды қайта өңдеу маманы және тігінші мамандықтары бойынша біліктілік емтихандарын сәтті тапсырды. Аттестациядан өткен студенттерге дипломдар тапсыру кезінде барлық қауіпсіздік шаралары ескеріліп, санитарлық талаптар – ара қашықтықты сақтау, бетперде тағу, антисептиктер пайдалану толық орындалды. Сөйтіп, биылғы оқу жылы кәсіптік колледж тарихында ерекше болды.

Алмагүл АШОВА,
ЛА-155/14 мемлекеттік
мекемесінде
сотталғандардың еңбегін
ұйымдастыру бөлімшесінің
бастығы

ТҰСАУКЕСЕР

КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ мен ЕЛБАСЫНЫҢ ЕҢБЕГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ол Тұңғыш Президенттің Негізгі Заңды дайындау мен іске асырудағы, еліміздің қазіргі саяси-құқықтық жүйесін құрудағы басты рөлі туралы баяндайды.

Таныстырылымды аша отырып, Конституциялық Кеңестің төрағасы Қайрат Мәми 1995 жылы жаңа Конституцияны әзірлеу туралы шешім қабылдау Республиканың Тұңғыш Президентінің батыл қадамдарының бірі болғанын атап өтті. «Кейіннен 30 тамызда өткен референдумда Конституцияның мақұлданыуы оған жоғары легитимділік берді. Елбасы стратегиясы және Қазақстан халқының ерік-жігері үндестік тапты. Осы өткен ширек ғасыр Қазақстан Республикасы Конституциясының тиімділігі мен прогрессивтілігін көрсетті. Тәуелсіз Қазақстанның барлық табыстары ел азаматтарының сұранысына жауап беретін Ата Заңның жоғары сапасына, онда жарияланған құндылықтардың мызғымастығына байланысты», деді спикер.

Онлайн-жиында авторлық ұжымның өкілдері – Нұрсұлтан Назарбаев қоры атқарушы директорының орынбасары И.Рогов, Конституциялық Кеңестің мүшесі В.Малиновский және КАЗГЮУ құқықтық саясат және конституциялық заңнама ҒЗИ директоры С.Ударцев сөз сөйледі.

И.Рогов өз сөзінде: «Еліміздегі конституциялық құрылыстың жаңаша тарихы қазіргі Қазақстанның және оның сая-

си-құқықтық жүйесінің негізін қалаушысы Нұрсұлтан Назарбаевтың атымен тығыз байланысты. Шетелдік тәжірибені және озық құқықтық технологияларды пайдалана отырып, отандық заңгерлердің жетістіктеріне сүйене келе, Елбасы, бір жағынан, халықаралық стандарттарға жауап беретін, ал, екінші жағынан, егеменді, тиімді жұмыс жасайтын нағыз қазақстандық құқықтық жүйені құрды», – деді.

Кітапқа халықаралық сарапшы, Грузияның Конституциялық Сотының бұрынғы

төрағасы, Әділет министрі Георгий Папуашвили жоғары баға берді.

Таныстырылымға Конституциялық Кеңестің құрамы, Қазақстанның мемлекеттік құрылымдарының басшылары, сондай-ақ, белгілі отандық және шетелдік қоғам қайраткерлері мен ғалымдар қатысты. Кітап еліміздің кітапханаларында, Конституциялық Кеңес пен Нұрсұлтан Назарбаев қорының сайттарында қолжетімді болады.

Нұрлан ШЫНТАЕВ



ПІКІР

ДИНИ АХУАЛДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ – ТЫНЫШТЫҚ НЕГІЗІ

ТЕРРОРИЗМ – АДАМЗАТ ТАҒДЫРЫНА ТӨНГЕН БАСТЫ ҚАУІП-ҚАТЕРДІҢ БІРІ. ОНЫҢ БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ – ДІНДЕР МЕН ӨРКЕНИЕТТЕР АРАСЫНДА СЕНІМСІЗДІК ПЕН ӨШПЕНДІЛІК ОТЫН ЖАҒУ. ЯҒНИ, АДАМДАРДЫ ҮРЕЙЛЕНДІРУ, ҚОРҚЫТУ, АЛДАУ, СЕНДІРУ ЖОЛЫМЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТТЕРГЕ ИТЕРМЕЛЕУ.

Терроризм мен экстремизм мемлекеттің тұтастығына, қоғамның бірлігіне тікелей қатер төндіріп, зорлық-зомбылықпен, көзсіз фанатизммен, өздерінің жалпыадамзаттық ортақ құндылықтарға жат қасаң қағидаларына берілгіштігімен, ешбір ымыраға келмеуімен ерекшеленеді. Сондықтан, қоғамда дүрбелең туғызуы мүмкін жалған ақпараттардың таралуына тосқауыл қою, әлеуметті тыныштандыру, террорлық шабуылдан зардап шеккендерге құқықтық, медициналық, психологиялық және басқа да көмек беру мәселелері қашан да өзекті.

Қоғамның тұрақтылығына нұқсан келтіріп, террорлық қылмысқа барушылар жазасы да әрқалай. Мысалы, терроризм мен экстремизм үшін қылмыстық жауаптылық ҚР Қылмыстық кодексінде, нақты айтқанда, терроризм актісін жасау немесе оны жасауға жария түрде шақыру, насихаттау, террористік топ құру, оған басшылық ету, оның әрекетіне қатысу, экстремистік, террористік әрекетті қаржыландыру және терроризм не экстремизмге өзге де дем берушілік, террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау не қаржыландыру, террористік топтың әрекетіне немесе ол жасап жатқан терроризм актілеріне қатысқандар мүлкі тәркіленіп, сегіз жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Байқап жүргеніміздей, соңғы кездері адамға діннің және діни институттардың ықпалы өсуде. Осы себепті, терроризммен тиімді күресте қоғамның қолдауы маңызды. Және бұл тұрғыда лаң-

кестікке қарсы насихат іс-шарасының кешенді жүйесін жетілдіру кезек күттірмейді. Терроризмнің алдын алу және онымен күресте азаматтық қоғаммен бірлескен іс-шаралар мемлекет және жеке сектор әріптестігінің үлгісі болып табылады. Зайырлылық қағидасына сай, мемлекет діни бірлестіктердің әрекетіне араласпайды. Алайда, діни саладағы әлеуметтік қозғалыстарды өздігімен жіберуге тағы болмайды. Сол себепті, Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018–2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама негізінде халық арасында мемлекеттің дін саласындағы саясатын ақпараттандыру және түсіндіру жұмыстары жаппай жүргізілуі тиіс. Ондай жұмыстар елдегі үйлесімді конфессияаралық қарым-қатынасты қалыптастырып, нығайтуға, халықтың діни сауаттылығын арттыруға және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алуға әсер етеді.

Қазіргі таңда біздің еліміз халықаралық құқық нормаларына сәйкес, ғаламдық терроризм қаупіне қарсы күресте ұжымдық күш қолдануды қолдайды және осы зұлымдықпен ымырасыз күресуге әрқашан да дайын. Мемлекеттегі діни ахуалдың тұрақтылығы елдегі саяси-әлеуметтік тұрақтылықтың негізі десек, азаматтарымыздың діни сауаттылығын арттыруға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды, іс-шараларды дер кезінде сауатты жүзеге асырып, еліміздегі конфессияаралық келісімге, өркениетті мәдениетке, имандылыққа және ұлттық құндылықтарымызға негізделген рухани тәрбие беруді уәкілетті мемлекеттік органдар, діни бірлестіктер, қоғамдық ұйымдар, яғни, бүкіл қоғам болып жүйелі түрде жүргізсек қана терроризм мен экстремизм қатеріне тосқауыл қойылады.

Илияс МҰХАДИҰЛЫ,
Талғар аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«ЕУРАЗИЯ ЖҮРЕГІНЕ» АЙНАЛҒАН ҚАЛА

(Соңы. Басы 1-бетте)

Еліміздің бас қаласының Нұр-Сұлтан атанғанына биыл бір жыл толады, ал, Астана атауы – жас мемлекеттің бір ғұмырға татитын қиындығы мен қызығының куәгері. Бүгінгі Нұр-Сұлтан, бұрынғы Астана мемлекет мақтанына, ұлттық құндылықтарды тоғыстыратын, күллі қазақстандықтардың рухани ордасына айнала алды ма? Қауіпсіз елдер санатындағы жас мемлекеттің сапалық өсімі мен саналы еңбекке ұмтылатын тұрғындарының жас қаласының гүлденуі мен дамуына қосып жатқан үлесі қандай? Мемлекеттің мақтанышына айналуы тиіс бас қаланың бүгінгі көз тартар сәулеті мен салтанатына оның тұрғындарының тұрмыс-тіршілігі, рухани, адами дамуы үндесе ме? Жарты ғасырға жуықтаған салтанатты қаланың туған күні қарсаңында әрбір қазақстандықтардың осындай сауалдарға ойланып, бас қатыратыны анық. Бейресми теңеулер қаланың бас құрылысшысы атанған, Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің: «Еуразия жүрегінде» атты кітабында қала тарихына былайша көз жүгіртеді: «Ақмола Қазақстанның географиялық орталығы деуге болатын, Қазақстан экономикасының өрлеуінде жетекші де өскелең нүктелері болып отырған маңызды шаруашылық өңірлерге жақын орналасқан. Қала ірі көліктік арналардың қиылысында, тоғыз жолдың торабында тұр. Бұдан басқа, қала Қазақстан үшін көптеген

шет елге шығудың мейлінше төте жолы – трансеуроазия арналарына таяу қоныстанған» – дейді. Қазақстанның орталығынан таңдалған Елордамыз астана құқығына ие болған 1997 жылы халқының саны 290 мыңдай ғана болса, бүгінде қала халқының саны ресми деректер бойынша, 2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдаймен қарағанда 1 136 008 адамға жеткен.

Астананың сәулеткерлік тұжырымдамасын жасау барысында Нұрсұлтан Назарбаевтың елордада Батыспен Шығыстың мәдени дәстүрлері үйлесім тапқан ерекше еуразиялық стиль қалыптастыру идеясын негізге алған.

Алғаш қала 1832 жылы Есіл өзенінің жағасындағы Қараөткел шатқалында Ақмола бекінісі негізделгенде пайда болған. 1863 жылы Ақмола ресми түрде округтік қала ретінде жарияланып, 1960 жылы еліміздің солтүстік облыстары кіретін тың өлкесінің орталығы болды. 1961 жылға дейін ол Ақмолинск, 1961 жылдан 1992 жылға дейін Целиноград, ал, 1992 жылдан бастап 1998 жылға дейін Ақмола аталып келді. 1998 жылы 6 мамырда Ақмола қаласының атауы Астана болып өзгертілді. Осылайша, Ақмола мен Целиноград тарихқа кетіп, 23 жыл ішінде Астанамыз Қазақстанның символына айналды. 2019 жылдың 20 наурызынан бастап Астана Нұр-Сұлтан атауын иеленді. Қала күні бүгінде жалпыхалықтық мейрам есебінде аталып өтіледі. Биыл да қала күнін онлайн атап өту

жоспарлануда. Қазіргі таңда Астана халықаралық ірі жиындар өтетін саяси үнқатысулар алаңына айналғанын байқап отырымыз. Қала – Қазақстан-

дағы ірі бизнес орталығының бірі. Кәсіпкерлік мәдениеті де қарыштап дами түскен. Бүгінде Астанада 128 мыңнан астам шағын және орта кәсіпкерлік нысандары жұмыс істейді. Астана халықаралық маңызы бар түрлі форумдар, конгрестер мен өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығы болып отыр. Елордада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар тұрақты түрде өтіп келеді. Астанада ЕҚЫҰ-ның тарихи саммиті, ШЫҰ мен ИЫҰ-ның мерейтойлық саммиттері болып өтті. 2011 жылдың басында рес-

публиканың елордасы VII Қысқы Азия ойындарының қатысушылары мен қонақтарын қабылдады. Ал, 2017 жылы Астанада «EXPO–2017» халықаралық көрмесі өтті. Көпшілік арасында ел астанасы жайлы пікірлер әртүрлі. Әу баста кейбір тұрғын қала атауының өзгеруіне наразылық білдірсе, енді бірі бас қаланың басқа қалалардан алшақтап бара жатқанын айтты. Нұрсұлтандықтар үшін салтанатты күн тұсында мұндай кемшіліктер мен жетістіктер барынша саралануы қалыпты үрдіс. Ендеше, күллі қазақстандықтар құрметпен қарайтын сәулетті де дәулетті қаланың өткені мен бүгіні жайлы өзгелер не дейді?

Лебіз

Сәдібек ТҮТЕЛ, Ұлттық ат спорты федерациясының президенті, Астана қаласының тұрғыны:
— Алғашқы кездері бас қаладағы қызмет көрсету сапасы астаналық деңгейге сай болмады. Содан 1998 жылы сол кездегі Астана қаласының әкімі Әділбек Жақсыбеков жан-жақтан білікті мамандарды шақырып, қызмет көрсету сапасын жақсарту жолында жұмыс істеді. Қазір сол кездегі қызмет көрсету сапасымен салыстырғанда, Елордадағы бұл саланың деңгейі әлдеқайда өскені байқалады. Қала әрқашан тап-таза. Сапалы қызмет көрсететін орындар саны да көбейіп келеді. Сондықтан, уақыт өте, қала барлық жағынан астаналық деңгейге көтеріледі деп ойлаймын.

Атамұрат ШӘМЕНОВ, экономика ғылымының докторы, профессор:
— Қымбатшылық, негізінен, азық-түлік бағасы мен күнделікті тұтынатын тауар құнының жоғары болуынан байқалады. Сондықтан, қаланың айналасына азық-түлік белдеуін қалыптастырып, өндіріс орындарын көптеп ашу керек. Нұр-Сұлтан әкімшілік қала болғаннан кейін, өндіріс орындары қаланың ішінен ашудың қажеті жоқ. Неғұрлым шеткері аймақтарына орналастырылғаны дұрыс.

Индустриялық-инновациялық бағдарламаға сай өндіріс орындарын ашу арқылы халықты жұмыспен қамту орындарын да көбейтуге мүмкіндік туады. Сондай-ақ, еліміздің әр қаласындағы өндірілетін өнімнің түріне қарай фирмалық дүкендер ашу арқылы өнімнің өз бағасымен, жолдан ешкімнің түртпегін көрмей, бас қалаға тікелей жеткізіліп отыруына жағдай жасау керек. Қолға алатын болсақ, қаланы қымбат қалаға айналдырмаудың жолдары өте көп. Тек тиімді пайдалана білсек болғаны.

Гүлжан РАХМАН, журналист:
— Қаланың масасы мен жаңбыр жауғанда орталық көшелеріне су жиналуы қазір басты кемшілігі болып отыр. Сырттан келетін туристер үшін де бұл өте қолайсыз. Сондықтан, бас қалада халықаралық жиындар көп өтетінін, шетелдік қонақтар да көп келетінін ескере отырып, қайбір жылдары масамен ерекше күрес жүргізілген уақытта мәселе шешілген болатын. Сондықтан, қала әкімі ең алдымен осы түйткілдерге назар аударса деймін. Биыл қаланы газдандыру басталды. Жалпы, қала халықтың тұрмыс-тіршілігіне бейімделіп, жақсы жаққа өзгеріп келе жатыр.

Қалдыбай ДҮЙСЕМБАЕВ

ТҮЙТКІЛ

МИНИСТР АУЫСҚАНЫМЕН, МӘСЕЛЕ ҚАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Шындығында, Біртанов пен оның министрлігіне тым үлкен салмақ түсіп кетті. Алайда, министрлік жұдырықтай жұмылып, бірлесе қызмет етудің орнына «аққу көкке, шортан көлге, шаян артқа» тартып, кейбір облыстардағы медицина қызметкерлерінің тарапынан наразылық туындады. Басшылар тарапынан жасалған қысым мен шамадан тыс асуылталыққа шыдамай, орнын тастап шыққан инфекциялық аурухана, провизорлық орталықтардың басшылары да аз болмады. Мұның бәрі, әлбетте, министр Біртановтың орталық пен облыстағы департаменттер арасындағы өзара келісілген ортақ іс-әрекеттер шарасын үйлестіре алмағандығын айқын көрсетті. Соның дәлеліндей ел арасында ауру ерекше қарқынмен өрши түсті. Тіпті жұқпалы дерт Парламенттің екі палатасы мен Үкіметке дейін жетіп, биліктің жоғарғы эшелонындағы лауазым иелері, облыстық, аудандық деңгейдегі әкімдерге дейін жаппай өзін-өзі оқшаулауға кірісіп кетті. Мемлекет басшысының Жарлығымен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е.Біртановтың орынтағына үш күн бұрын вице-министр болып

тағайындалған, ҚР Президенті іс басқармасына қарайтын емхананы басқарған 43 жастағы Алексей Цой жайғасты.

Өз қызметіне білек сыбана кіріскен жаңа министр ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанда эпидемиологиялық ахуалдың өршіп, коронавирус инфекциясымен сырқаттанудың артқанын ескере отырып, денсаулық сақтау саласындағы орын алып отырған жағдайларды түзеу үшін жедел түрде жүзеге асырылатын шаралар туралы ұсынысын білдірді. Соның негізінде ведомствоаралық мемлекеттік комиссия 5 маусымнан бастап 14 күнге елімізде қосымша шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылдады.

Індеттің шыңы сәуір айының ортасына тура келеді, наурыз-сәуір-мамыр айында 3 мыңнан 3,5 мыңға дейін науқас болады деген «сәуегейлердің» болжамы бүгінгі көрсеткіштің шаңына да ілесе алмай қалды. 2020 жылғы 2 сәуірдегі ресми мәлімет бойынша, Қазақстанда қауіпті дертті жұқтырған 42 574 тіркелген, 14 059 пациент жазылып шықса, 188 адам өмірмен қоштасқан.

Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»

МАРАПАТ

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ ТӘРТІП САҚШЫСЫ ҚАСЕНОВ БЕКТҰР АМАНГЕЛДІҰЛЫ – ЕЛІМІЗДЕГІ «ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІНІҢ ТҰҢҒЫШ ИЕГЕРІ. ҚҰРМЕТТІ МАРАПАТТЫ ОСЫДАН ОН ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚОЛЫНАН АЛҒАН СӘТТІ БЕКТҰР ЕРЕНШЕ СЕЗІММЕН ЕСКЕ АЛАДЫ.

ЕРЛІК ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

— 2010 жылдың көктемі болатын. Мамыр айының бас кезінде Астана қаласындағы Ішкі істер министрлігіне шақырту алдым. Ойымда ештеңе жоқ, айтылған уақытта көрсетілген жерден табылдым. Сөйтсем, Ақордада өтетін Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 65 жылдық торқалы тойы мен Отан қорғаушылар күніне арналған салтанатты жиынға қатысуым керек екен.

Марапаттау рәсімін Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев жүргізді. Кезегім келгенде мен де «Ерлігі үшін» медалінің алғашқы данасын Тұңғыш Президентіміздің қолынан алу мәртебесіне ие болдым. Қолымды қысқан Нұрсұлтан Әбішұлы сондай қарапайым мінезімен хал-жағдайымды, отбасымды, ауылда қалған әке-шешемді сұрап, көшкі мерекелік дастарқанға шақырды. Бойымды ерекше сезім билеп, толқып тұрсам да, қойылған сұрақтарға нақты жауап беруге тырыстым.

Сол күні кеште Мемлекет басшысының арнайы қабылдауында болдық. Ертеңіне салтанатты шараға қатысушылар үшін арнайы ұйымдастырылған бағдарлама аясында Астана қаласының көрнекті жерлеріне саяхат жасадық. «Астана-опера» мемлекеттік опера және балет театрына барып, қойылым

тамашаладық. Өйтеуір, бір апта бойы ерке Есілдің бойындағы Елорданы армансыз араладық. Елбасымен болған осы кездесуден алған әсерім айрықша, оны ешқашан ұмытпаймын. Балаларыма да зор мақтанышпен айтып отырамын, — дейді Қызылорда қаласы ішкі істер басқармасының жол-патрульдік полициясы 1-взвод командирінің орынбасары, аға лейтенант Қасенов Бектұр Амангелдіұлы.

Тәртіп сақшысының мемлекеттік марапатқа ұсынылуына төмендегі ерлігі себеп болған екен.

2009 жылдың 11 қарашасында әдеттегідей кезекті ауысымына шыққан Қызылорда қаласы ішкі істер басқармасының патрульдік полицейі, аға сержант Бектұр Қасенов қасындағы серігімен өздеріне бекітіліп берген аумаққа шолу жасап келе жатқан болатын. Кенет облыс орталығындағы Өйтеке би көшесіндегі 40-үйден шыққан өртті көзі шалады. Дереве қорыққаннан үрпип топталып қалған тұрғындардың жанына жеткен Бектұр көп қабатты үйдің екінші қабатындағы бір пәтерде газ баллоны жарылғандығын біледі. Іште әлі де тұрғындардың қалып қойғанын ести сала, көмекке ұмтылған жаяужүрек полицей өрт шыққан үйдің балконының тере-

зесін сындырып ішке кіреді. Қоя түтіннің ішінен жылаған баланың дауысын естіп, сол бағыттан екі және үш жасар қос сәбиді қолтығына қысып, шығар есікке беттейді. Балаларды есік көзіндегілерге бере сала, қайтадан подъезге қойып кеткен батыл жігіт тағы бір пәтерден мүгедектігіне байланысты шыға алмай қалған кейуананы да құтқарады. Сөйтіп, өрт сөндірушілер жеткенше 15 шақты адамды тілсіз жаудың арасынан аман алып шығыпты.

Аулада жиналып қалған тұрғындардың ішінен біреуі ержүрек сақшыны суретке, бейнетаспаға түсіріп, әлеуметтік желіге жарияламаса, Бектұрдың бұл ерлігі, бәлкім, байқалмай да қалар ма еді? Сөйтіп, қызметтік міндетіне жоғары жауапкершілікпен қарап, қиын сәтте бас сауғаламай, ерге лайықты әрекет көрсете білген Бектұр Амангелдіұлын басқарма басшылығы мемлекеттік марапатқа ұсыныпты.

Міне, төтенше жағдайда көрсеткен көзсіз ерлігі мен ерекше батылдығы үшін беріліп, Елбасының өз қолынан алған «Ерлігі үшін» медалінің шағын тарихы осындай.

Айгүл АХМЕТОВА, «Заң газеті»



ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АУЫС-ТҮЙІСТЕР ЖАҒДАЙДЫ ЖАҚСАРТА МА?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Есенжол АЛИЯРОВ, Қазақстандық гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының президенті, саяси ғылымдар докторы:

— ҚР Президенті халыққа арнаған Жолдауында «Азаматтардың барлық сындарлы өтініш-тілектерін жедел әрі тиімді қарастыратын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру – бізмізге ортақ міндет» дегенді айтты. Ал, Е.Біртанов өз қызметін дұрыс алып жүре алмады ма, әлде өзі шаршады ма? Болмаса, өз еркімен кетті ме, белгісіз бол қалды. Осындай кезде жұмысты алып жүре алмаса, үкімет мүшелерін ауыстыруға билік құқылы. Індет кезінде атқарып жатқан жұмысын алып жүре алмаса, орнында қалдыру да дұрыс емес деп ойлаймын. Президенттің баспасөз хатшысы бар, Үкімет басшысының да баспасөз хатшысы бар. Халықты алаңдатпай, ауыстырған себебін жариялап отыруы керек еді.

Мемлекеттік қызметкерлердің істеп отырған іс-шараларын қоғам біліп отыруы тиіс. Бәрінен мемлекеттік құпия жасауға болмайды. Ұлттық қауіпсіздікке зиян келтіретін ақпарат көп болмау керек. Оның бәрін тәртіпке келтіру қажет. Қарапайым қала көшелеріндегі жөндеудің өзі неге дәл осы көшеде жасалғанын тұрғындар біліп отыруы тиіс. Халықтың көзі, құлағы болып отырған заң шығарушы органдар да бұған жауапты. Теория бойынша, биліктің әр қанаты күшті болып, әрқайсысы өз міндетін орындап отыру керек. Егер олардың біреуі өз қызметін әлсіретсе, мемлекет басқарудың бүкіл жүйесі бұзылады.

Әлібек ШАПЕНОВ, ҚХХП Алматы қалалық комитетінің бірінші хатшысы:

— Біреуі жабылып қалса, екіншісінде ұзын-сонар кезек дейді. Бұған жаңа министр бірнәрсе жасай ма, белгісіз. Жалпы, өз қызметін дұрыс атқара алмаған адамдарды ауыстырған дұрыс, бұрынғы Денсаулық сақтау министрі өз жұмысын дұрыс істей алмады. Өйткені, әлеуметтік желілерде халық бізге неге түсіндіріп бермейді деп сұрап жатты. «Үйден шықпаңдар» дегеннен басқа олар ештеңе көріп жатқан жоқ қазір. Нақты жағдайды қарапайым халыққа түсіндіріп жатқан ешкім болмады. Әрине, заң жұмыс істеу үшін, оны жетілдіріп, жауапкершілікті күшейту қажет.



Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ «Заң газеті»

СУДЬЯ ӨКІЛЕТТІГІНІҢ ШЕҢБЕРІ КЕҢЕЙДІ

2020 ЖЫЛҒЫ 10 МАУСЫМДА ПРЕЗИДЕНТ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНЕ (ӘРІ ҚАРАЙ АПК) СОТТАР ЖҰМЫСЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ФОРМАТТАРЫН ЕНДІРУ, АРТЫҚ СОТ РӘСІМДЕРІ МЕН ШЫҒЫНДАРЫН ҚЫСҚАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ» ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ.



Заңда судьяның және процеске қатысушылардың процестегі рөліне, процестік әрекеттерді оңтайландыруға, іс жүргізуді одан әрі цифрландыруға бағытталған өзгерістер енгізілді.

АПК-нің 15-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, процеске басшылықты жүзеге асырады, тараптардың істің мән-жайларын толық және объективті зерттеуге арналған процестік құқықтарын іске асыруы үшін қажетті жағдайлар жасайды.

Сот іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, процестік әрекеттерді жасаудың немесе жасамаудың салдарлары туралы ескертеді, олардың құқықтық позициялары мен дәлелдемелерін нақтылайды, олармен істің мән-жайларын талқылайды және осы кодексте көзделген жағдайларда, оларға өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Сот шешімді әрбір тарапқа бірдей негіздерде зерттеуге қаты-

суды қамтамасыз еткен дәлелдемелерге ғана негіздейді.

Сот тараптың уәжді өтінішхаты бойынша не өз бастамасы бойынша істің материалдарын жинау және зерттеу, тараптар дәлелдерінің негізділігін және сотқа ұсынылған дәлелдемелердің анықтығын тексеру бойынша шаралар қабылдайды, сондай-ақ, азаматтық сот ісін жүргізу міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Яғни, судья өкілеттілігінің шеңбері кеңейді: тараптармен істің мән-жайларын талқылау, ресми өкіл-адвокатты тағайындау, өз бастамасы бойынша дәлелдемелерді талап ету, сот тапсырмаларын жолдау, соттағы татуластыру рәсімдеріне қатысты, тараптар мәмілеге келе алмаған жағдайда судьяны ауыстыру, медиация барысында ұсынылған дәлелдемелерді қолдану, медиацияда техникалық құралдарды қолдану, апелляция және кассациялық сатылардағы медиацияны қолдану.

Басы артық сот рәсімдері алып тасталды: істі соттылығы бойынша жолдау тараптардың келісімі

болған жағдайда ұйғарымға шағым келтіру мерзімін күтпестен жүзеге асырылады, соттың кеңесу бөлмесіне кетуі туралы талап, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша шешімді қайта қарау туралы арызды қабылдау сатысы алынып тасталды;

сот процесі жетілдірілді, сот талқылауын кейінге қалдыру мен үзіліс жариялаудың ара жігі ажыратылды, судья болмаған жағдайда шешімді дайындау тәртібі реттелді, борышкердің жылжымайтын мүлкіне өндіріп алуды қолдану тәртібі анықталды, апелляциялық іс жүргізудің кейбір мәселелері ретке келтірілді.

Келесі өзгерістер тобы іс жүргізуді цифрландыруға қатысты: бұйрықтық және оңайлатылған (жазбаша) істерді электронды форматта қарау, электронды хаттама түсінігі енгізілді, электронды құжат түріндегі дәлелдемелерді бағалау тәртібі, іске қатысушылардың техникалық құралдарды пайдалануы, мобильді байланысты қолдану арқылы сот процесіне қашықтан қатысу. Қазіргі пандемия жағдайы іс жүргізуді цифрландыру өмір талабы екенін дәлелдеп отыр, сондықтан соттарда істі қашықтан қарау мүмкіндігіне көп көңіл бөлініп отыр.

Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар судьяның процестегі рөлін, белсенділігін жоғарылатуға, процесті тиімді басқаруға және өткізуге, азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын сақтай отырып оған қосымша өкілеттіліктер беруге бағытталған.

Н.БАҚТЫҒАЛИЕВ,
Темір аудандық сотының
төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

МЕЙІРІМ

ЖЫЛЫЛЫҚ ӨЗ ОТБАСЫҢ МЕН ОТАНЫҢДА

АДАМДАРҒА ЖЫЛУ СЫЙЛАП ЖҮРГЕН, ААЛЫСТЫ ЖАҚЫНДАТЫП, ТУЫСТЫ ТАБЫСТЫРЫП, БАУЫРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА «АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ ОРТАЛЫҒЫ» БАР. ОРТАЛЫҚТА ЖАНЫ ЖАЙСАҢ, ЖҮРЕКТЕРІ ШУАҚТЫ ЖАНДАР ҚЫЗМЕТ ЖАСАЙДЫ.

Бұл орталық өз жұмысын 2000 жылдан бастап, бүгінгі күнге дейін тоқтатпады. Осы жылдар арасында біршама жұмыстар атқарылды. Орталық 180 орынға арналған, 4 бөлімнен құралады. Атап айтсақ, ерлер бөлімі, әйелдер бөлімі, карантин бөлімі, түнеу бөлімі. Жыл бойына мыңға жуық адамға қызмет көрсетіледі. Орталық өз қызметін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 165 бұйрығымен бекітілген «Халықтың әлеуметтік қорғау саласында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартын» басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізуде.

Көпшілікке түсінікті болу үшін талдап айта кетейін. Орталық қызмет алушыларға жеті қызмет түрін көрсетеді. Олар: 1. Әлеуметтік-тұрмыстық қызмет; 2. Әлеуметтік-медициналық қызмет; 3.Әлеуметтік-психологиялық қызмет; 4.Әлеуметтік-мәдени қызмет; 5. Әлеуметтік-экономикалық қызмет; 6. Әлеуметтік-еңбек қызметі; 7.Әлеуметтік-құқық қызметі. Осы қызмет түрлері аясында орталықта атқарылған жұмыстарға тоқталып өтсек. Қызмет алушыларды киім-кешекпен, төсек-орынмен, жеке бас гигиенасына қажетті заттармен, медициналық алғашқы көмекпен, жеке басын растайтын құжаттармен, жұмысқа орналастырумен қамтамасыз етеді. Қызмет алушылардың өз қажеттілігіне қарай арнаулы орталықтарға орналастыра отырып, соған қажетті құжаттардың жасалуымен қамтамасыз етеді. Орталық қызмет алушыларына отбасымен қауышу жолдарын қарастырып, мүмкіндіктің барлығын пайдаланамыз. Қажырлы еңбек пен ізденіс өз нәтижесін беруде. Атап айтсақ, бір жылдың ішінде бірнеше қызмет алушы өз отбасына оралды. Соған сәйкес орталық бүгінде біршама белесті бағындырып, көптеген жетістіктерге де жетті. Үйі жоққа пана болып, жаны жабырқаулы жан-

дарға демеу болды. Мәселен, Нұрымбетов Исмахан үйінен белгісіз жерге кетіп, отбасынан ажырап қалған. Шарасыздықтан бірнеше жыл мал баққан. Нұрымбетов орталыққа осындай жағдайда 11 желтоқсан 2019 жылы көмек сұрап түсті. Жеке басын растайтын бірде-бір құжаттары болмады. Қызметкерлердің ізденісі мен еңбегінің арқасында отбасының, бала-шағасы, туыстарының бар екені анықталды. Орталық қызметкерлері Нұрымбетовтің барлық құжаттарын қалпына келтіріп, отбасына оралуына үлкен үлес қосты. Қажарманов Зия атамыз да орталыққа денсаулығы сыр берген жағдайда келіп түскен. Ондай жағдайға түсу себебі, 30 жыл бойы біреудің қол астында мәжбүрлі түрде мал баққан. Отбасына орала алмай, хабарсыз қалған. Үзілген байланыс орталық қызметкерлері іздеу жұмыстарын жасау нәтижесінде жалғанып, отбасына оралуына себепкер болды. Грузия азаматы Мичеладзе Тамазе де 90-жылдары Қазақстанда қызмет жасап жүріп, белгісіз біреулерден соққы алып, ақыл-есінен айырылады. Сол себепті өзі жайлы ешқандай ақпарат бере алмайды. 25 жыл бойы хабарсыз, белгісіз жоғалғандар қатарында күн көшті. Бірақ, әлеуметтік бейімдеу орталығы қызметкерлері Грузия елшілігіне сұраныс хат жазып, ақпараттар жинады. Елшіліктің көмегімен бауыры мен отбасына хабар беріліп, отбасына, отанына оралды.

Тағы бір шетел азаматы Магред Майкл Дональд Қазақстанға контракт жасау арқылы жұмысқа келеді. Жұмыс беруші компания шартты орындай алмай, Майклды жұмыссыз, панасыз далада қалдырады. Осындай шарасыздықтан ол орталық көмегіне жүгінеді. Бұл жағдайда да орталық елшілікпен байланыс жасай отырып, Канада азаматының Отанына оралуына себепші болды.Орталықтың шарапаты тиген мұндай мысалдар көп. Елімізде мұндай адасқан, отбасынан айырылған, үйсіз-күйсіз адамдардың да саны аз емес. Бұл оқиғаларды баяндай отырып, біз шынайы жылулықтың өз үйінде, өз елінде, бауырың мен бала-шағаңның жанында екенін жеткізгіміз келеді. Алматы қалалық Әлеуметтік бейімдеу орталығы әрқашан жығылғанға сүйеу, жылағанға жұбаныш.

Ы. МАМЕКЕЕВА,
Алматы қалалық Әлеуметтік бейімдеу
орталығының қызметкері

ТАЛҚЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ТАРАПЫНША ЖАСАЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫС КӨП. МӘСЕЛЕН, «СОТ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖАСАЛДЫ, СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ШЕШІЛУ ТИІС «7 ТҮЙІН» АНЫҚТАЛЫП, ОНЫ ТАРҚАТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ АЙҚЫНДАЛДЫ. СОЛ МАҚСАТТА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНЕ БІРҚАТАР ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ АРҚЫЛЫ СОТТАРДЫҢ ЖҮКТЕМЕСІ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖЕҢІЛДЕТІЛІП, СОТ АКТІЛЕРІНІҢ САПАСЫН АРТТЫРУҒА ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАНЫ ТУРАЛЫ БҰҒАН ДЕЙІН ЖҰРТШЫЛЫҚТЫ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ХАБАРДАР ЕТКЕНБІЗ.

ЖАҢА НОРМАЛАР ЕНГІЗІЛДІ

ҚР Президенті Қ.Тоқаев «Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексіне (бұдан әрі қарай Кодекс) соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойды. ҚР Жоғарғы Сотының «Сот жүйесін жаңғырту» бағдарламасының II тарауында жазылғандай процестік заңдарды ұтымды ету мәселесі кеңінен тарқатылады. Сол арқылы уақыт пен ресурстардың негізсіз жұмсалудың болдырмау, процестің тым төрешілденуіне жол бермеу, судьяларға түсетін жүктемені азайтуға қол жеткізіп, сот ісін жүргізу мен сот актілерінің сапасын арттыру көзделді. Сөйтіп ол бұған дейінгі атқарылған жұмыстар аясында жүргізілген кодекске өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың 3-топтамасы болып табылады.

Заң бойынша кодекстің 15-бабына сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу кезінде дәлелдеме жинақтаудағы, тексерудегі соттың құзыреті кеңейтілді.

Аудармашылар мен сот приставтарының азаматтық процестегі мәртебелері нақтыланды. Кодекстің 100-бабының талабына сәйкес сот жазбаша дәлелдемелерді өз бастамасы бойынша да талап етіп алдыруы мүмкін болатын болды.

Бұрынғы норма бойынша судьяның азаматтық істі қарау барысында өз бастамасымен дәлелдемелер жинақтауға мүмкіндігі болмайтын.Дәлелдемені тараптардың өздері сотқа ұсынатын. Сот тараптар ұсынған дәлелдемелерді ғана тексеріп, соның негізінде шешім қабылдайтын.

Сондықтан, сондай жағдайлар даулы іс бойынша жеңілген тараптың сотқа түсініспеушілік танытуына себеп болатын. Енді жаңа заңның нормалары бойынша судьяның азаматтық іс бойынша өз бастамасымен дәлелдеме жинақтау арқылы істі қарау кезінде нақты шындықты анықтау құқығы кеңейтілді.

Сөйтіп, азаматтық процестегі диспозитивтік қағидаға, яғни тараптардың дәлелдемелерді ұсыну тәртібіне жаңаша мазмұн берілді.

Сот іс бойынша аудармашы тағайындау, істі сырттай жүргізу тәртібімен қарау туралы сұрақтарды, бөлек құжат түрінде ұйғарым қабылдамастан, хаттамалық ұй-

ғарымдар шығару арқылы шешетін болып белгіленді.

Кодекстің 150-бабындағы жаңа норма бойынша татуласу рәсімдері жүргізілген кезде талап қою арызын қабылдау талап қою арызы түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Бұрын талап арызды қабылдау мерзімі бес жұмыс күні ішінде шешілуге тиіс болатын.

Кодекстің 175-бабына енгізілген өзгерістер бойынша татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот шешім шығару үшін шығып кеткенге дейін, сондай-ақ, сот актісінің орындалуы кезінде жасалуы мүмкін.

Кодекстің 179-бабына енгізілген өзгерістер бойынша тараптардың дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы өтінішхаты, егер бұл қосымша процестік әрекеттерді және істі қарауды тоқтата тұруды талап етпесе, кассациялық сатыдағы сотта мәлімделуі мүмкін. Тараптар кассациялық сатыдағы сотта өтінішхатпен бірге бір мезгілде дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді ұсынуға тиіс. Сотта медиацияны өткізу хаттамасы жүргізілмейді.

Партисипативтік келісімдер бұрын адвокаттардың қатысуларымен ғана жүргізілетін болса, енді бұған заң консультанттарын қатыстыруға мүмкіндік бар. Сөйтіп, тараптардың дау бойынша татуласу мүмкіндіктері кеңейтілді.

Кодекстің 222-бабына енгізілген өзгерістер бойынша іске қатысатын адамдар келмеген жағдайда сот отырысында шешімді жария ету жүргізілмейді. Шешімнің көшірмесі іске қатысатын адамдарға осы кодексте белгіленген тәртіппен жіберіледі.

Міне, кодекске енгізілген кейбір жаңа нормалардың мазмұны осындай. Бұл нормалар қарапайым адамдардың сотта құқықтарын барынша қорғауды, тараптардың татуласу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді. Сөйтіп, азаматтық процеске сот жұмысының жаңа форматтарын енгізе отырып, оны әрі қарай жетілдіре түсетін тағы бір қадам жасалды.

Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Шалқар аудандық сотының
төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ШАРА

СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ



ӨМІРДЕ ӨЗ ЖОЛЫН ТАБА АЛМАЙ АДАСЫП БАРЫП, ТЕМІР ТОРҒА ТҮСКЕНДЕР ҚАНШАМЫ?! ДЕСЕК ТЕ, АДАМНЫҢ ҚАЛЫПТЫ ӨМІРГЕ ОРАЛЫП, ӨЗІН-ӨЗІ ТҮЗЕУІ, ҚАТЕЛІГІНЕН САБАҚ АЛУЫ ҮШІН САНАЛЫ ҒҰМЫРДА ОҒАН МҮМКІНДІК ТЕ БЕРІЛЕДІ.

Қызылорда облысы ҚАЖ департаменті ЗК-169/5 түзету мекемесінде де осындай жаза басып, өз қателіктеріне өкініш білдіретін сотталғандар арасында «Дүние қандай тамаша!» тақырыбында іс-шара өткізді. Байқауға қатысушылар өз қиялымен отбасына деген сағыныштарын сурет салу арқылы қағаз бетіне түсіріп, өмірдің мәні – отбасымен бірге болу екендігін жеткізіп, бейбіт өмір мен ашық аспан туралы ойларын сурет арқылы бейнелеп берді. Мұндай іс-шаралар оларға ең терең сезімдерін білдіруге, ішкі ойларын қалыптастыруға көмектеседі және әлсіздік, сабырлықты, эмоцияларын сыртқа шығарады. Қатал тәртібі мен қиындығы қатар жүретін түзеу мекемесінде сотталғандар ішкі қиындығы мен өз ойларын мекеменің психолог қызметкерлерімен бөлісіп, шер тарқатып, түрлі психологиялық жаттығу тренингтерге қатысады. Аталған шара карантин режиміне байланысты санитарлық талаптарға сай өткізілді.

А. ЖҮСІПБЕКОВ,
аға инспектор, психолог, әділет аға лейтенанты

ОРАЙЫ КЕЛГЕН АҢГІМЕ

ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ ҚР ҮКІМЕТІНІҢ ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ҮЙЛЕСТІРУШІ ОРГАН ЕКЕНІ БАРШАҒА БЕЛГІЛІ. ҚҰЗЫРЛЫ ОРГАННЫҢ ҚЫЗМЕТ ЕТУ САЛАСЫ ЗАҢ ШЫҒАРУ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУГЕ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАНЫП ЖАТҚАН ЗАҢДАРДЫҢ САПАСЫН АРТ-ТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН. АУМАҚТЫҚ ӘДІЛЕТ ОРГАНДАРЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ БІРШАМА ӨЗГЕШЕ БОЛҒАНЫМЕН, ЖАУАПКЕРШІЛІГІ КЕМ ЕМЕС. ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ БАСШЫСЫ ТИМУР ҚУАТҰЛЫ ЕРМАҒАМБЕТОВПЕН САЛА ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЛЫ АҢГІМЕ-ЛЕСКЕН ЕДІК.

– **Тимур Қуатұлы, аймақтағы төтенше жағдайды тоқтатқаннан кейін біртіндеп нысандар ашылуда, мемлекеттік органдар тұрғындармен жұмыс істей бастады. Төтенше жағдай кезінде Әділет департаменті қандай жұмыстар атқарды?**

– Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында, Қарағанды облысы Әділет департаменті қашықтан жұмыс істеді. Азаматтарды қабылдау жүргізілген жоқ. Әділет департаментінің құзырына кіретін барлық жүгінулер мен қойылған сұрақтар электрондық үкімет порталы арқылы, Whats App-мессенджері бойынша, департаменттің ресми сайты және департаменттің Instagram, Facebook-тегі акаунттары арқылы қабылданды. Жеке нотариустардың, адвокаттардың, заң консультанттарының және жеке сот орындаушыларының қызметін тоқтату туралы нұсқамалар берілді.

– **Президент Қазақстан халқына Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын өмірімізге енгізу міндетін қойды. Сіздің ведомствоңызда осы міндеттерді орындау бойынша қандай шаралар қабылданды?**

– 2019 жылғы қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты алғашқы Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасына көшуді жариялаған болатын. Онда азаматтардың барлық сұраныстарына тиімді және тез жауап беруге аса көңіл бөлу қажеттігі айтылды. Өз кезегінде, Әділет департаменті халықпен өзара іс-әрекетін күшейтуге және жұмыстың шамадан тыс жүктемесіне мақсатты түрде көп көңіл аударады. Азаматтармен тиімді тікелей және кері байланыс құру үшін департаментте «Адалдық алаңы» диалогтық алаңы құрылды. Сонымен қатар, Әділет департаментінің әлеуметтік желілердегі жұмысы күшейтілді. Департаменттің және оның аумақтық бөлімшелерінің қызметкерлері Instagram, Facebook-тегі ресми парақшаларында онлайн-тәртібінде әділет органдарының заңнамасын түсіндіру

бойынша күнделікті жұмысын жүргізуде: онлайн-хабар таратады, азаматтармен «тікелей эфирлер» жүргізеді, сұрақтарға жауап береді. Сондай-ақ, 87759723105 нөмірі бойынша Whats App мессенджерінде «жедел желі» жұмыс істейді, онда күні бойы жедел түрде өтініш иелеріне жауап беріледі.

Мемлекет басшысы жариялаған Еріктілер жылы аясында Әділет департа-



Тимур ЕРМАҒАМБЕТОВ, Қарағанды облысы Әділет департаменті басшысы:

«САПАСЫЗ ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН АДВОКАТ АҚШАСЫН ҚАЙТАРАДЫ»

менті заңгерлік қоғамдастықпен, волонтер-студенттерді тарта отырып, I тоқсанда облыстың тұрғындарымен белсенді кездесулер өткізді. Соның қатарында, халықтың әлеуметтік-әлсіз топтарының өкілдерімен,

...егер өзінің әрекетсіздік салдарынан адвокат апелляциялық шағым беру мерзімін өткізіп алса немесе адвокаттың құпияны жария етсе, онда адвокат сақтандыру шартын жасаған сақтандыру компаниясынан шығындарды өтеуді талап етуге клиенттің құқығы бар.

Сақтандыру төлемінің мөлшері және кәсіптік қателіктердің тууы дерегі сот тәртібінде шешіледі.

Мүгедектер мен қарттар үйлерінде, Дағдарыс орталықтарында, Ана үйлерінде, басқа да ұйымдарда құқықтық кеңес берді. Азаматтармен кездесу мақсатында барлығы 32 шара өткізілді, 596 азаматқа кеңес берілді.

– **Тимур Қуатұлы, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңнамада адвокаттар мен заң консультанттарының жауапкершілігін сақтандыру сияқты жаңашылдық көзделген. Сол туралы кеңірек айтып берсеңіз?**

– Иә, расында 2020 жылдың 1

қаңтарында жаңа өзгеріс күшіне енді – ол адвокаттар мен заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру. Қазіргі уақытта заң көмегін көрсетудің міндетті шарты – адвокаттар мен заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасасу, ол сапасыз заң көмегін көрсеткен жағдайда азаматтарға сақтандыру өтемін алуға мүмкіндік береді. Заң көмегін көрсету клиент пен адвокат, заң консультанты арасында бекітілетін шарт негізінде жүзеге асырылады. Мұндай шартты жасасу кезінде клиент адвокаттар мен заң консультанттарының кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру туралы шарттың көшірмесін талап етуге құқылы.

Сақтандыру төлемі клиенттерге адвокаттар мен заң консультанттарының процестік мерзімдерді өткізіп алып, құжаттарды дұрыс ресімдеген, заң көмегі көрсетілетін тұлғаға зиян келтіруге алып келген заңдық әрекеттердің салдарлары туралы оған хабарламаған, заң көмегін көрсету үшін клиенттен алған құжаттарды жоғалтып немесе бұлдірген, мәліметтерді заңсыз жария еткен жағдайда төленеді.

Мысалы, егер өзінің әрекетсіздік салдарынан адвокат апелляциялық шағым беру мерзімін өткізіп алса немесе адвокаттық құпияны жария етсе, онда адвокат сақтандыру шар-

тын жасаған сақтандыру компаниясынан шығындарды өтеуді талап етуге клиенттің құқығы бар.

Сақтандыру төлемінің мөлшері және кәсіптік қателіктердің тууы дерегі сот тәртібінде шешіледі. Бұл жерде айта кететін жағдай, кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері оның шарттарымен айқындалады және қызметін республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында жүзеге асыратын адвокаттар және заң консультанттары үшін – кәсіптік жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты жасалған күнге тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің кемінде бір мың еселенген, өзге адвокаттар және заң консультанттары үшін кемінде бес жүз еселенген мөлшерін құрауға тиіс.

– **«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңында тегін кешенді әлеуметтік заң көмегін алу мүмкіндігі көзделген. Бұл қандай көмек және ол кімге көрсетіледі?**

– Адвокаттармен және заң консультанттарымен белгілі бір санатқа жататын тұлғаларға, заң көмегін сұрап өтініш жасаған кезінен бастап қорытынды құқықтық шешім қабылданғанға дейін құқықтық қолдап отыруды білдіретін өтеусіз заң көмегін көрсету кешенді әлеуметтік заң көмегі болып табылады.

– **Әділет министрлігі жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін әзірледі, оның артықшылығы неде?**

– Аталған кодекстің жобасын Әділет министрлігі Жоғарғы Сотпен бірлесіп әзірледі. Кодекстің негізгі мақсаты билік органдарымен дауларды жоғары тұрған органда және сотта қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді механизмдерін белгілеу болып табылады. Сонымен қатар, кодекстің ережелері азаматтардың құқықтарын жүзеге асырумен байланысты болған кез келген қызметке және мемлекеттік емес субъектілерге қатысты болады. Мысалы, кодекстің қызмет саласы – мемлекеттік қызмет көрсету, мемлекеттік бақылау және қадағалауға байланысты бағаланады.

Кодекстің жобасы азаматтарды билік субъектілері тарапынан болатын кедергілерді жоюға бағытталған. Мысалы, құқықтардың артықшылық қағидасы – құқық қолданушыларды заңнама актілерінің барлық күдіктерін, қарама-қайшылықтары мен түсініксіздіктерін азаматтардың пайдасына шешуге міндеттейді. Сонымен қатар, кез келген азаматтың құқықтық шешім шығарылған кезде әкімшілік орган басшылыққа алған материалмен танысуға мүмкіндігі болады.

Даулардың кейбір санаттарынан басқа, сотқа дейінгі міндетті рәсімді енгізу, шағымдарды қарау кезінде істі тез қарау, шешімді заңдылығына ғана емес, сондай-ақ, мақсатқа сәйкестігін тексеру мүмкіндігі, соттың айғақтар-

ды жинау процесіндегі белсенділігін арттыру арқылы сот ісін жүргізудің әкімшілік түрін ендіру көзделеді.

Қазіргі таңда кодекстің жобасын Мәжіліс мақұлдап, ҚР Парламенті Сенатының қарауына жолдады.

– **Әділет органдары жергілікті мемлекеттік органдар қабылдаған нормативтік құқықтық актілерді тіркеу қызметін атқарады. Азаматтар мемлекеттік құжаттар жобалары туралы қалай біле алады? Олармен қалай таныса алады?**

– «Ашық үкімет» жобасы аясында азаматтардың мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын және заң жобаларының тұжырымдамасын қарауға қатысуға мүмкіндігі бар. Нормативтік құқықтық актілері жобасымен «Ашық НҚА» порталында танысуға болады. Ол әзірленетін заң жобаларын, мемлекеттік қызмет стандарттарының жобаларын және рұқсат етілген құжаттарды талқылауға арналған бірыңғай алаң болып табылады. Әрбір азамат НҚА әзірлеуге қатысуға және пікірін айтуға құқылы. «Ашық НҚА» әрбір азаматқа жобаның мемлекеттік органға және жоғары тұрған сатыларға келісілуге барғанға дейін танысуға мүмкіндік береді.

– **Уақыт тауып, ой бөліскеніңізге рақмет.**

Нұрлан ШЫНТАЕВ

ҚИЯНАТҚА ЖОЛ ЖОҚ!

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

СОТ САЛАСЫ АУЫР ДА КҮРДЕЛІ МІНДЕТ АРҚАЛАЙДЫ. ЕЛІМІЗДЕГІ ӨРКЕНИЕТ КӨШІ БАСТАУЫНДАҒЫ ӨЗГЕ САЛАЛАРМЕН ҚОСА СОТ ЖҮЙЕСІНІҢ АЛДЫНА ҚОЙҒАН МАҚСАТТАРЫНЫҢ ДА МАҢЫЗЫ ҰШАН-ТЕҢІЗ. АЙТАЛЫҚ, БҰҰ-НЫҢ АЯСЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН МІНДЕТТЕР ЖҮКТЕМЕСІ САН АЛУАН.

Солардың бірі де берегейі – әлемдегі әйелдер құқығы мәселесі. Бұл тақырыптың күллі ғаламшардағы ең өзекті мәселеге айналғаны белгілі. Демек, еліміз құзыретті ұйым талабына сәйкес гендерлік теңдікті нығайтып, тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың алдын алу қағидаттарына сай ауқымды шараларды жіті бақылауға алды. Мәселен, БҰҰ «Мен теңдік буыны өкілімін: әйелдер құқығын іске асыру» атты әлемдік акция бастағаны белгілі. Бұл тұрғыда біздің Қазталов

аудандық №2 сотында тұрмыстағы зорлық-зомбылық көрген әйелдерге, қиянат көрген жасөспірімдерге қамқор болу төңірегінде көптеген құқықтық жоспарлы міндеттерді ауқымды түрде қолға ала бастағандығын айтқан лазым. Соның бірегейі тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мақсатында жұмыс тобын құру, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың себеп-салдарына үніліп, қылмыстық әрекеттердің деңгейін төмендету.



Бүкіл әлемді дүрбелеңге салған індет кезіндегі шектеулерді қабылдап, төтенше жағдай кезеңіне белгіленген талаптарды мүлтіксіз орындаумен бірге біз ел арасындағы дау-дамай деңгейін татулыққа үндеуге күш салудамыз.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық үшін кінәлі тұлғаларға Қазақстан Республикасы Әкім-

шілік құқықбұзушылық туралы кодексіне сәйкес жауапкершілік қарастырылған.

Сотпен қаралған отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы істер бойынша 90 пайызында зардап шегуші әйел адамдар. Айта кету керек, мемлекетімізде Біріккен Ұлттар Ұйымының «Әйелдерге қатысты кемсіту-

дің барлық нысандарын жою туралы», «Әйелдердің саяси құқықтары туралы», «Тұрмыс құрған әйелдің азаматтығы туралы» конвенциялары ратификацияланды, сондай-ақ, «гендерлік саясат ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» және «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңдармен реттеледі.

Ерлі-зайыптылар, туыскандар, бірге тұратын адамдар арасындағы зорлық көрсетудің ең негізгі себебі маскүнемдік болып табылады. Осындай жағдайларда жиі туындайтын бір мәселе бар. Ол, тұрмыста зорлық көрген әйелдер өзіне қол жұмсаған адаммен бір шаңырақтың астында тұрғылары келмейтіндігі. Ал, ақшасыз қаңғып қалғысы келмейтін әйелдердің дені қорқыныштан, болмаса, баспанасыз қалмауы үшін, түптеп келгенде, отбасы берекесін сақтап, балаларының болашағы үшін көбіне сол зорлыққа амалсыз шыдауға бел байлайды.

Ішкі істер органы 16 жасқа толған, дені сау адамға қатысты қорғау нұсқамасын шығарады. Бұл нұсқамада жәбірленуші

отбасының көмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, оның өркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауысша немесе телефон арқылы сөйлесуге немесе өзге де тәсілдермен байланыс жасауға тыйым салынады. Өзіне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған адамды профилактикалық есепке қояды және оған профилактикалық бақылау жасауды жүзеге асырады. Бұдан басқа сот, құқық бұзушыға әкімшілік жаза қолданып, құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуге, ерекше талаптардың қолданылу мерзімі ішінде оған профилактикалық өңімелесу үшін айына 4 ретке дейін ішкі істер органдарына келіп тұру міндетін жүктеуге құзырлы. Тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі бұл қоғам мәселесі және барлық алдын алу субъектілерінің бірігіп жұмыс атқаруы арқасында оң нәтиже көрсетеді.

Самал ОРАЗҒАЛИЕВА,
Қазталов ауданының
№2 сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

ҰРЫС БОЛҒАН ҮЙДЕ
ЫРЫС ТҰРМАЙДЫ

«Отбасы – шағын мемлекет» деп халқымыз бекер айтпаған. Өйткені, махаббат пен бақытқа толы, береке мен бірлігі жарасқан отбасының ұрпақ тәрбиесіне, халық санының көбеюіне, мемлекетіміздің одан әрі нығаюына тигізер ықпалы зор.

Сондықтан отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында жасалатын құқықбұзушылықтар елімізде өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Өкінішке қарай соңғы кездері отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар азаймай тұр. Оған көбінесе құқықбұзушының үнемі алкогольдік ішімдік тұтынуы, маскүнемдікке салынуы, жұмыссыздығы, соған байланысты тұрмыс жағдайының ауырлығы түрткі болады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне (әрі қарай, ӘҚБтК) бірқатар өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, ағымдағы жылдың 11 қаңтарынан бастап күшіне енген болатын. Өзгерістер бойынша құқық бұзушымен отбасы-тұрмыстық қатынастардағы адамдарға сыйламаушылық көрсетіліп, былапыт сөйлеу, қорлап тиісу, кемсіту, үй тұрмысындағы заттарды бүлдіру және олардың тыныштығын бұзатын, жеке тұрғын үйде, пәтерде немесе өзге де тұрғынжайда жасалған басқа да әрекеттер үшін ӘҚБтК-нің 73-бабының 1-бөлігімен көзделген әкімшілік қамаққа алу мерзімі 5 тәулікке дейін өсті, бұрын 3 тәулік болған. Бұл баппен баламалы жаза ретінде ескерту жазасы бұрыннан да қарастырылған. Осы әрекеттерді әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасағандар 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алынады.

соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттері үшін құқықбұзушыға ескерту жасалып немесе 10 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу қарастырылған. Мұндай әрекетті әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасағандар 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алынады.

Әдетте отбасы-тұрмыстық құқықбұзушылықтардан әйелдер және балалар, бірге туған бауырлары, кей кездері құқықбұзушының ата-анасы зардап шегіп жатады. Жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында,

Жаңа өзгерістерге сай, ӘҚБтК-нің 73-1-бабы 1-1-бөлікпен толықтырылды. Яғни, жақын адамының денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтірген адамға ескерту жасалады немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады. Егер осындай әрекет әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса, 20 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға жазаланады.



Жаңа өзгерістерге сай, ӘҚБтК-нің 73-1-бабы 1-1-бөлікпен толықтырылды. Яғни, жақын адамының денсаулығына қасақана жеңіл зиян келтірген адамға ескерту жасалады немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады. Егер осындай әрекет әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалса, 20 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға жазаланады.

Бұдан басқа, аталған заңмен ӘҚБтК-нің 73-2-бабы да 1-1-бөлікпен толықтырылып отыр. Яғни, жақын адамын тән ауруына ұшыратқан, бірақ, денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп

әкімшілік құқықбұзушылық туралы істі қарау кезінде сотпен ӘҚБтК-нің 54-бабының талаптарына сай, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы әкімшілік құқықбұзушылықтар жасаған адамның мінез-құлқына 3 айдан бір жылға дейінгі мерзімге ерекше талаптар белгіленуі мүмкін. Атап айтқанда, жәбірленушінің отбасының көмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз мүшелерін қоса алғанда, жәбірленушінің өркіне қарамастан, оны іздестіруге, оның ізіне түсуге, оған баруға, онымен ауыша, телефон арқылы сөйлесуге және өзге де тәсілдермен байланыс жасауға; атыс қаруын және қарудың басқа да түрлерін сатып алуға,



сақтауға, алып жүруге және пайдалануға; көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз көмелетке толмағандарға белгілі бір жерлерге баруына, басқа да жерлерге шығуына; алкогольдік ішімдік ішуге, есірткі, психотроптық заттарды қолдануға толық көлемде немесе жеке-жеке тыйым салуды көздейтін ерекше талаптар белгіленуі мүмкін. Осы мерзім аралығында құқық бұзушының жүріс-тұрысына профилактикалық әңгіме жүргізу үшін, ішкі істер органына айына 1-ден 4-ке дейін келіп тұру міндеті де жүктелуі мүмкін. Құқықбұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу отбасы-тұрмыстық жанжалдан туындайтын қылмыстық құқықбұзушылықтардың да алдын алуға көмектеседі.

ӘҚБтК-нің 64-бабының 1-1-бөлігіне сай, осы кодекстің 73, 73-1 немесе 73-2-баптарда көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтарды алғаш жасаған адамдар жәбірленушілермен, арыз иелерімен, оның ішінде медиация тәртібімен татуласса және келтірген зиянын жапса, сот оларды әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін деп көрсетілген. Осы негіздермен әкімшілік жауаптылықтан босату құқықбұзушылықты қайталап жасаудың алдын-алуға оң әсерін тигізеді.

Әдетте қарапайым отбасы-тұрмыстық жанжал болған жағдайда көбіне әйел, бала, көрі адам әртүрлі себептерге байланысты көмекке жүгіне алмайды. Осындай құқықбұзушылықты жасауға жол бермеу мақсатында, уақытылы профилактикалық шараларды жүзеге асыру, үнемі халыққа түсіндірме жұмыстарын жүргізу қажет.

Бүгінгі таңда Қаратөбе аудандық сотының бастамасымен ауданымызда «Зорлық-зомбылыққа жол жоқ» атты жұмыс тобы құрылды. Оның құрамына аудандық сот, прокуратура, полиция бөлімі, әкімдік, ішкі саясат бөлімі, білім беру бөлімі, психолог, медиатор, билер кеңесі, аналар және әйелдер кеңесі, қоғамдық бірлестігінің өкілдері кіреді. Жұмыс тобы отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және болдырмау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың құрбандарын және көмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау мақсатында тиісті іс шаралар атқарылуда.

Осыған орай, отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында құқықбұзушылықтардың профилактикасын күшейту, оларды жою үшін, басқа да уәкілетті органдармен бірігіп, сонымен қатар барлық қоғамның да күш біріктіруі арқылы тиісті іс шаралар атқару еліміздің болашағы үшін өте маңызды.

М.ШҮКІРОВ,
Қаратөбе аудандық сотының төрағасы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

Қазақ халқының ең бай құндылықтарының бірі – билер соты. Бұрынғы билер соты бүгінгі сот төрелігінің негізін қалады. Дала соты дауды бір жаққа емес, екі жаққа тең бөліп, тараптарды келісімге келтіріп, шығын орнын тиімді жолмен толтырып, жанжалды бітімгерлікпен шешу жолдарын ұстанды.

БІТІМГЕРШІЛІК
БІЗГЕ ҮЛГІ

Дауларды татуласу рәсімдері арқылы шешудің тиімділігі айқын. Алайда азаматтар бітімгершілік рәсімінің күшіне сене бермейді. Осы орайда атқарылған еңбек нәтижесіне қарап, бітімгершілікті насихаттау бойынша жұмыстар әлі де жетілдіруді қажет ететіні байқалуда.

Жоғарғы Сот төрағасы Ж.Асанов сот билігінің тізгінін қолына алысымен, атқарылған істерді бағалап, алдағы күнге бағыт берді. Ең алдымен, сотқа түскен істер санының көптігіне талдау жасап, татуласу тетіктерін жетілдіруді тапсырды. БАҚ арқылы жариялаған кезекті үндеуінде: «Бізде даулардың көптігінен судьялардың жүктемесі жылдан-жылға артуда. 2013 жылы соттарда 1,25 млн іс қаралса, 2017 жылы – 2,6 млн, яғни екі еседен асқан. Бұл жағдай соттардың жұмыс сапасына, істерді қарау мерзіміне әсерін тигізуде. Сондықтан, қазіргі кезде әрбір аза-

арналған. Бизнес-омбудсменнің өңірлік өкілдері мен Шымкент қаласы кәсіпкерлер палатасының өкілдері аптасына 3 рет қабылдау өткізеді. Карантин кезінде консультацияны онлайн түрде алуға болады. Келісім шеңберінде кабинет ашылып, дауларды реттеу бойынша іс-әрекет алгоритмі және қабылдау кестесі бекітілді. Алгоритмге сәйкес, сотқа талап арыз түскеннен кейін кәсіпкерлер палатасының өкілдері мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлер арасында келіссөздер жүргізіп, оларды бітімге келтіруге әрекет жасайды. Осындай кабинеттердің жұмыс істеуінің нәтижесінде, 9 мемлекеттік орган мен кәсіпкерлерге келіссөз жүргізілді.

Жалпы, дауларды соттан тыс шешу мәселелеріне үлкен назар аударылуда. Азаматтық-процестік кодекске 2020 жылдың 10 маусымындағы енгізілген өзгерістерге сәйкес, татуласу рәсімдеріне қосымша жағдай-



матқа сотқа дейін де, соттың өзінде де татуласуы үшін жан-жақты жағдай жасап жатырмыз», – дей келе, халықты жылдар бойы соттасудың орнына келісімге келуге шақырды.

Республика соттары бүгінде «Татуласу: Сотқа дейін. Сотта» деп аталатын жоба бойынша жұмысқа кірісіп кетті. Бұл жобаны жасақтауға медиаторлар мен адвокаттардың дауларды сотсыз шешуге ынта танытпауы, азаматтардың даулы мәселелерін шешуге арналған орталықтардың жоқтығы, тараптардың келісімге келу әдісін білмеуі себеп болды.

Бүгінде соттардың жанынан «Сотсыз татуласу орталығы» құрылып, онда медиаторлар, адвокаттар, нотариустар, психологтар, сот орындаушылары бір жерде отырып, азаматтарға кеңес беру, даулардың категориясын анықтау, медиаторды таңдау, бітімге келтіру секілді жұмыстарды атқаруда.

Сонымен қатар, 2020 жылдың мамыр айынан бастап «Атамекен қабылдауы» атты кабинет жұмыс істейді. Кабинет кәсіпкерлерге мемлекеттік органдарға қатысты даулар бойынша құқықтық-консультативтік көмек көрсетуге

лар жасалған. Медиация – даулы мәселелердің соттан тыс, бейтарап, даудың шешілуінде қызығушылығы жоқ үшінші тарап медиатордың қатысуымен шешілетін-ді. Медиация рәсімі кезінде дауға қатысатын тараптар медиатордың тәжірибесі мен біліміне сүйене отырып, дербес, өзара қолайлы шешімге келеді. Даулы мәселенің шешілуі тараптардың өркіне байланысты. Медиация икемді өрі бейресмилігімен ерекшеленетіндіктен, онда кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екендігі анықталмайды. Медиатор пайда болған түсініспеушіліктердің сындарлы шешімін табуға тырысады.

Ендігі жерде арнайы орталық іске кіріссе, дауласушылар өзара келісімге келуге ниет білдірсе, ең алдымен қоғамда бір-бірімен тату-тәтті, сабырлы, сыйластықта, түсіністікте өмір сүретін ел азаматтарының қатары артып, бір тараптың пайдасына шешілетін даулардың саны азаяр еді.

А.КАПАРБЕКОВА,
Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

ЭЛЕКТРОНДЫ СЕРВИС
УАҚЫТ ПЕН ҚАРЖЫНЫ
ҮНЕМДЕЙДІ

Сот кабинеті – сот органдарының онлайн сервисіне қолжетімді бірыңғай терезе болып саналады. Бұл сервис сот ісін жүргізуді жеңілдету және азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында іске асырылған.

Осы сервисінің негізгі ерекшелігі азамат, оның адвокаты немесе заңгер кез келген ыңғайлы уақытта, үйінен немесе кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы сот құжатын, сондай-ақ, істегі мәртебесін қарап, сот актісін басып шығара алады. Әрбір сотқа жүгінген азамат «Сот кабинеті» арқылы арыз беру үшін Халыққа қызмет көрсету орталығында электронды цифрлы қолтаңба алуы қажет.

Сот кабинеті сервисі арқылы заңды тұлғалардың мемлекеттік баж төлеу мәселесі шешімін тапты. Соған орай азаматтар-

дың төлем карточкасы арқылы бажды төлеуге, төлем құжатының сканерден өткен көшірмесін беруге мүмкіндігі бар.

«Сот кабинеті» және «Сот құжаттарымен танысу» электронды сервистері Жоғарғы Соттың сайтында іске қосылған. Аталған қызметтерді электронды цифрлы қолтаңбасы бар азаматтар қолдана алады.

Шыңғырлау аудандық сотында «Сот кабинетін» пайдаланудың тиімділігі бойынша әрқашан дөңгелек үстелдер, семинар сабақтары өтеді. Іс-шара барысында сервисінің жаңашылдықтары, артықшылықтары үнемі түсіндіріліп, қолдану бойынша кеңестер беріледі.

Қазіргі таңда біздің сотқа заңды тұлғалар жолдайтын талап арыздардың 100 пайызы осы сервис арқылы электронды түрде түседі. Ол соттың да, сотқа жүгінген тұлғалардың да уақыты мен жұмысын азайтады. Мысалы, азамат немесе оның заңды өкілі өзінің уақыты мен қаражатын шығармай, үйінен талап арыз жіберсе, ол электронды түрде соттың базасына жедел түседі. Сот қызметкері ғаламтор арқылы жолданған арызды тіркейді. Ол үшін құжаттарды сканерден өткізіп, базаға салып жатпайды, өйткені, олардың барлығы дайын түседі. Айтып өтетін жайт, ол сот жүйесі қызметкерлерінің азаматтармен

байланысын азайтады және сыбайлас жемқорлыққа бейімділікті төмендетуге ықпал етеді.

Бұған қоса, Жоғарғы Соттың және жергілікті соттардың сайтында «Сот құжаттарымен танысу» сервисі іске қосылған. Аталған сервис Жоғарғы Сот сайтындағы электронды сот құжаттарымен танысуға мүмкіндік береді. Сотқа жүгінген азамат талап арызы тіркелгені туралы талон алады, бірнеше күннен кейін оның ұялы телефонына арыз бойынша сот құжаты шыққаны туралы хабарлама келеді. Бұл ретте азаматтар сот құжатын алуға сотқа барып уақытын кетіріп, қаражатын шығындап, әуреге түспейді.

Сонымен қатар «Digital Agent» сервисі <https://digitalagent.pro/dashboard> – өз елін жақсартуға мүмкіндік беретін қосымша. Бұл қосымшадан статистиканы немесе еліміздің кез келген мемлекеттік мекемесінің жұмысын бағамдауға болады. Сот жүйесінде қазіргі заманғы технологияларды енгізу және қолдану сот ісін жүргізуді жеңілдетеді, бюрократиялық кедергілерді жояды.

Ж.КАРИМОВ,
Шыңғырлау аудандық сотының бас маманы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

МІНДЕТ

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

**БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ – ӘРБІР АТА-АНА
БҮШІН МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ. ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС БАСТАЛЫСЫМЕН
БАЛАЛАРДЫҢ БОС УАҚЫТЫ КӨБЕЙЕДІ. БҮЛ ОРАЙДА АТА-АНА-
ЛАРҒА САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТКЕН АБЗАЛ.**

Жазғы демалыс кезінде бала-
лардың жеке басының қауіпсіздігін
қамтамасыз ету мақсатында 3 айда
учаскелік полиция инспекторларымен
бірлесө ювеналды полиция қызмет-
керлері кезекшілікке бөлініп, қызмет
атқаратын болады. Демалыс орын-

дарына балаларды тасымалдау кезін-
де жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету
мақсатында ілесіп тасымалдау үшін
қызметтік автокөлік пен қызметкерлер
бөлінеді.

Қызылорда облысы Полиция де-
партаментінің бастығы, полиция пол-

ковнигі Сұлтан Бектөре жазғы де-
малыс уақытында балалардың жеке
қауіпсіздігі, оның ішінде суға шомылу
кезіндегі қауіпсіздік шаралары ата-ана-

лардың немесе оларды алмастыратын
адамдардың ерекше назарында бо-
луы қажеттігін ескертеді. Бұл орайда,
полиция қызметкерлері балалардың



қауіпсіздік мәселесіне бей-жай қара-
май, сақтық шараларын қатаң сақтауға
шақырады.

Қазақстан Республикасының
Әкімшілік құқықбұзушылық туралы
кодексында белгіленбеген орындарда
суға шомылуға қатаң тыйым салынған.
Осындай деректер анықталған жағдай-
да, Қазақстан Республикасы Әкімшілік
құқықбұзушылық туралы кодексінің
364-бабына сәйкес әкімшілік шара
қолданылады. Сонымен бірге, жазғы
мезгілде жасөспірімдердің көптеп
шоғырланатын қалалық демалыс пар-
кінде олардың кешкі серуендеуі кезінде
қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету мақса-
тында арнайы қызметкерлер бөлініп,
қызмет атқарады.

**Қызылорда облысы
Полиция департаментінің
баспасөз қызметі**

ЖАРНАМА

ТАРАТУ

5. «Мерейлі Мақат» ҚҚ (БСН 190540003207) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Атырау обл., Мақат ауд., Мақат кенті, көш. Жұмашева Айман, үй 48.

10. «Elma» ЖШС, БСН 060340008452, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Семин көшесі, 48/4.

16. «Спорт ардагерлері» жеке қоры, БСН 990840004749, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады; Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданы, Ақсуат ауылы, Қосаев көшесі №17 үй, тел. 87017624483.

17. Алматы қаласы, Достық даңғылы 136, «Пioneer-3» БО мекенжайында орналасқан «Delta Bank» АҚ тарату комиссиясы жылжымайтын мүлігін сату бойынша аукционды (ағылшын сауда әдісі) жағрыда көрсетілген мекен-жайда 2020 жылдың 13 шілдесінде сағат 11.00 де өткізеді.	
Лоттар саны 42. Сауда – саттықтың жүргізу әдісі - ағылшын. Аукцион қадамы 5%.	
№1 - ші лот - Екі қабатты үй жергізесімен 2006ж.ж., жалпы ауданы -249,8 ш.м. Жаздайы - қанағаттанарлықсыз, күрсіні жөндеу қажет. Орналасқан мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Райымбек, Қырығалды а., ІІКСТ Асылы, Центральна к-сі, 75-үй. Бастапқы бағасы – 9 347 040,00 теңге.	
№3 -ші лот - Server HP DL380 Gen9. Бастапқы бағасы - 145 157,60 теңге.	№2 -ші лот - Server HP DL380 Gen9. Бастапқы бағасы - 234 432,80 теңге.
№5-ші лот - Server HP DL380 Gen9. Бастапқы бағасы - 145 157,60 теңге.	№6-шы лот - Server HP DL380 Gen9. Бастапқы бағасы - 145 157,60 теңге.
№7 -ші лот - Система хранения данных VNX 5200. Бастапқы бағасы - 275 481,92 теңге.	№8-ші лот - Система хранения данных EMC VNXe 3300. Бастапқы бағасы - 99 520,96 теңге.
№9-шы лот -Server HP/DL360 Gen9/1/Xeon/E5-2620v3/2,4 GHz/32 GB(4x8GB (1x8GB) Single Rank x4 DDR4-2133 CAS-15-15-15 Registered Memory Kit)/P440ar/20 FBWC/0,1, 1+ 0-5, 5+0-6/8 diskless SFF bay/3xHDD HP 450GB 12G SAS 15K rpm SFF (2.5-inch) SC /DVD+-RW/2 x 500W. Бастапқы бағасы - 223 883,52 теңге.	
№10-шы лот - Server HP/DL360 Gen9/1/Xeon/E5-2620v3/2,4 GHz/32 GB(4x8GB (1x8GB) Single Rank x4 DDR4-2133 CAS-15-15-15 Registered Memory Kit)/P440ar/20 FBWC/0,1, 1+ 0-5, 5+0-6/8 diskless SFF bay/3xHDD HP 450GB 12G SAS 15K rpm SFF (2.5-inch) SC /DVD+-RW/2 x 500W. Бастапқы бағасы - 223 883,52 теңге.	
№11-ші лот - Server HP/DL360 Gen9/1. Бастапқы бағасы -180 354,72 теңге.	№12-ші лот - Server HP/DL380 Gen9/1. Бастапқы бағасы - 305 510,24 теңге.
№13-ші лот - Server HP DL380 Gen9. Бастапқы бағасы - 212 400,16 теңге.	№14-ші лот - Server Supremicro 8044T-8R. Бастапқы бағасы - 40 577,60 теңге.
№15-ші лот - Server Supremicro 8044T-8R. Бастапқы бағасы - 40 577,60 теңге.	№16-шы лот -Server Supremicro 8044T-8R. Бастапқы бағасы - 40 577,60 теңге.
№17-ші лот - Server Supremicro 8044T-8R. Бастапқы бағасы - 40 577,60 теңге.	№18-ші лот - Server HP ProLiant DL360p G8. Бастапқы бағасы - 29 354,08 теңге.
№19-шы лот -Система хранения данных IBM Storwize V7000. Бастапқы бағасы - 129 736,32 теңге.	
№21-ші лот - ИБП. Бастапқы бағасы - 823 085,76 теңге.	
№23-ші лот - Дисковый массив Xurатex 5402FE. Бастапқы бағасы - 102 412,80 теңге.	
№25-ші лот - Server Cisco MSC 7816-15 (AIПK Call-и на 10 Prem ar-ов). Бастапқы бағасы - 596 638,56 теңге.	
№27-ші лот - Погоньялауындағы лот: Коммутатор CISCO VS-C6504E-SUP2T. Оптический модульCisco/ GLC-SX-MM/GIGE SFP - 4д. Блок питания CISCO PWR-2700-AC/4-2д. Модуль CISCO WS-X6824-SFP-2T - 2д. Бастапқы бағасы - 790 916,00 теңге.	
№29-ші лот - Блок автоматического включения резервного питания. Бастапқы бағасы - 123 058,88 теңге.	
№31-ші лот -Дизель генераторный агрегат. Бастапқы бағасы - 379 916,32 теңге.	
№33-ші лот - Система безопасности на окнах периметра здания. Бастапқы бағасы - 49 049,28 теңге.	
№35-ші лот - Система видеонаблюдения. Бастапқы бағасы - 36 653,12 теңге.	
№37-ші лот -Система автоматического газового пожаротушения серверной. Бастапқы бағасы -78 573,60 теңге.	
№39-шы лот -Эмбелер для выпуска пластиковых карт Maticea S3500. Бастапқы бағасы - 2 202 304,16 теңге.	
№41-ші лот - 2 бөлмелі пәтер, 1957 ж.ж., кірпіш, жалпы ауданы 46,6 ш.м., тұрғылықты ауданы 27,6 ш.м., ас бөлме 7,5 ш.м. 2 қабатты ғимараттың 2-ші қабаты. Жаздайы - қанағаттанарлық, Орналасқан мекенжайы: Батыс Қазақстан обл., Орал қ., Самар к-сі, 65 үй, 11-пәтер. Бастапқы бағасы - 2 858 900,00 теңге.	
№42-ші лот - 3 бөлмелі пәтер, 1957 ж.ж., кірпіш, жалпы ауданы 72,1 ш.м., тұрғылықты ауданы 58,4 ш.м., ас бөлме 6 ш.м. 2 қабатты ғимараттың 2-ші қабаты. Жаздайы - қанағаттанарлық, Орналасқан мекенжайы: Батыс Қазақстан обл., Орал қ., Самар к-сі, 65 үй, 12-пәтер. Бастапқы бағасы - 5 517 100,00 теңге.	
Кепілдік жарнасы бастапқы бағаның 5%-ын құрайды, өтінімдерді қабылдау 2020 жылдың 13 шілдесінде сағат 10.00 аяқталады, сатушының ағымдағы шоты: «Delta Bank» АҚ тарату комиссиясы, ЖБҚ КЗ34125KZTJ001300108 Кассалық операциялар және құндылықтарды сақтау орталығының (филиалы) «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі» Алматы қаласы, БСҚ NBRKKZKX, БСН 9309400000025, Көб - 14. Өтінімдерді қабылдау және сату-сатпымдық қатысушыларын тіркеу мына мекенжай бойынша жүргізіледі: Алматы қаласы, Достық даңғылы 136, «Пioneer-3» БО. 09:00-ден бастап 18:00-ге дейін күн сайын (демалыс күндері - сенбі, жексенбі). Түскі үзіліс 13:00-ден - 14:00-ге дейін. Аукционға тіркелу хабарландыру жарияланған күннен басталады және сауда-саттық басталуына бір сағат қалғанда аяқталады. Алынған сату объектілері бойынша төлем төлеу талаптары - сатып алынған объектінің төлемі сатушы мен сатып алушының арасында жасалған «сатып алу - сату» шарты жасалғаннан кейін бес банктік күннен кешіктірілмей жүргізіледі. Сатып алушы шартта көрсетілген соманы сатушының ағымдағы шотына аударалы және оның нақтылығын растайтын тиісті төлем құжатының көшірмесін тапсырады. Іске асыру объектісімен таныстыру және сауда-саттық ережелерімен танысу үшін аппараттық хабарлама жарияланған күнінен бастап және басқад ақпараттарды мына мекенжайдан алуға болады: Алматы қ. Достық даңғылы 136, «Пioneer-3» БО, тел. +7 (727) 339-46-76, 8-701-907-48-29 Вадим, +7-700-404-30-22 Сабит	

ӨРТУРЛІ

6. 10.09.2016 ж. қайтыс болған Муталиев Аширханның атына мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлерінің Түркістан қаласы, Әмір Темір көшесі, 7 «Д» мекенжайындағы нотариус Т.А. Умирбековке жолығулары сұралады. Тел. 8 775 268 12 22.

7. 2020 ж. 13 маусым айында қайтыс болған Шинтаев Куандық Иманбердиевичтің 27.03.1968 ж.т. атына мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекенжайға:Түркістан облысы ,Түркістан қаласы, Т.Мыңбасы көшесі, №6«В». Жұмыс телефоны: с.т. 8-701-770-24-56. Нотариус Асильбеков Рахимжан Орынбековичке хабарласулары сұралады.

8. Ақмола облысында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттың 17.06.2020 ж. ұйғарымымен «АстанаРемкомплект» ЖШС-на (БСН 140240013224) қатысты оңалту туралы ісі бойынша өндіріс қозғалды.

9. «Human Development Group» акционерлік қоғамы, БСН 1604400002577, жалғыз акционердің 2020 жылғы 29 маусымдағы № 06/2020 шешімімен «Human Development Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта ұйымдасқаны және жарғылық капиталдың азайғаны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050051, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 192/2, кеңсе 301, gulnar.kassembekova@hdg.kz

14. «Астық сақтандыру компаниясы» АҚ сақтандырушыларына (пайдакөрушілерге) төмендегідей түрлері бойынша сақтандыру портфелін беру жөнінде шешім қабылдағаны туралы хабарлайды: 1) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; 2) тасымалдаушының жолдаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; 3) экологиялық міндетті сақтандыру; 4) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупі бар нысандардың иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру; 5) қайғылы оқиғалардан ерікті сақтандыру; 6) мүлкіті зиян келтіруден ерікті сақтандыру, ҚР «Сақтандыру қызметі туралы» заңының 6-бабының 3-тармағының 3,7)- тармақшаларында көрсетілген түрлерінен басқа; 7) өсімдік шаруашылығын міндетті сақтандыру, 8) ҚР «Сақтандыру қызметі туралы» заңының 6-бабының 3-тармағының 9), 10), 11), 11-1) и 11-2) тармақшаларында көрсетілген түрлерінен басқа азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру; 9) әуе көлігін ерікті сақтандыру; 10) әуе көліктері иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін ерікті сақтандыру; 11) «Jysan Gagan» сақтандыру компаниясы» АҚ-дағы жүкті ерікті сақтандыру және қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін орында барысында қайғылы оқиғалардан «Мемлекеттік аннуитетті компания» өмірді сақтандыру бойынша компаниясы» АҚ-да міндетті сақтандыру.
--

Баспасөз – 2020

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета»,

«Заң», «Фемид» басылымдарына жазылу **ЖАЛҒАСЫП** жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

Тол басылымдарыңыздан қол үзіп қалаңыздар!

Біздің басылымдарға

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ **«Заң газеті»**

жеке тұлғалар үшін – 65921
заңды тұлғалар үшін – 15921

✓ **«Юридическая газета»**

жеке тұлғалар үшін – 65928
заңды тұлғалар үшін – 15928

✉ zanreklama@mail.ru

✓ **«Заң» журналы – 75849**

✓ **«Фемид» – 75858**



**ЖАРНАМА
БӨЛІМІ:**

Алматы қаласы

Тел.: 8(727) 292-29-27,
292-40-89,факс: 8 (727) 292-92-92

E-mail:
zanreklama@mail.ru

Нұр-Сұлтан қаласы
Абай көшесі,78, 105-кеңсе.
Тел.: 8 (7172) 52-02-11

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН
ОРЫНДАР:**

«Қандыбаева» ЖК, Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99,8 701 739 27 83,8 705 185 75 73 www.gazetysaily.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru. Алматы қ., Абайалй хан даң., 60,Мақатаев көш. Қиылысы, 208 кеңсе.

ТОО Арлан-консалтинг, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі,23 «А». Тел.: 8 (705) 798-58-18

«TRade and service» ЖК, Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., М.Горький көшесі,37,107-бөлме. Тел.: 8 (7162) 25-77-17.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04
«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

Қалискаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ИП «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

Ершова Людмила ЖК, Шымкент қ., Желтоқсан көшесі,20 б.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында.Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ИП «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru.Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ИП Новоселова, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77.

«Версаль Бизнес», Атырау қаласы,Сырым Датов көшесі,35-үй,«Сырым Төбе» БО,102-бөлме. Тел.: 32-14-29, 30-65-24, ұялы тел.: 8701 920 45 38.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖК «KAIIROS», Алматы қ.,Жібек жолы көшесі, 55,Алма сауда орталығы,4-қабат,419в-бөлім, 426-нүкте. Тел.: 2714939, ұялы тел.: 8707-705-9222 Email:kaldybayeva@mail.ru.

МЕДИАЦИЯ

Сот жүйесінде жаңа технологияларды қолдану аясы кеңейіп, ақпараттық сервистер және оларды пайдалану механизмдері күн өткен сайын жетілуде. За­манауи технологиялар азаматтарға сот төрелігіне деген қолжетімділікті кеңейтіп, оның ашықтығын арттырады.

Мемлекет басшысы қол қойған «Қазақстан Республикасының Азаматтық-процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңы осы талапты заңдық тұрғыда қолдауға бағытталған.

Заңдағы өзгерістер мен толықтырулар сот ісін жүргізуді оңтайландырып, соттарды жүктеме мен басы артық рәсімдерден арылтуға ықпалын тигізбек. Енді судья тараптардың сотқа ұсынған дәлелдерін ескере отырып, өз қалауы бойынша сот отырысын өткізу қажеттігін айқындайды. Атап айтқанда, өткізіп алған процестік мерзімді қалпына келтіру, талап қоюды қамтамасыз ету шараларын ауыстыру, қате жазу мен анық арифметикалық қатені түзету, мүлкі өндірілген ақша сомасын индекстеу, хаттамаға, қысқаша хаттамаға, дыбыс бейнежазбаның мазмұнына ескертулер, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау арыздарын сот актісін қабылдамай шешеді. Заң Азаматтық-процестік кодексіне судьяның процестік рөлін нақтылау, құқықтар мен заңды мүдделерді қорғау, процеске тиімді басшылық жасау үшін қосымша өкілеттіктер беру ерекшеліктерін тұратын өзгертулерді қамтиды. Судьяға қосымша тараптармен істің мән-жайларын талқылау,

олардың құқықтық ұстанымдары мен дәлелдерін нақтылау, іске қатысушы адамдарға сұрақтар қою, оларды процестік міндеттерін орындамағаны үшін заңдарда белгіленген жауапкершілік және процестік салдары туралы ескерту, іс материалдарын жинау және зерттеу бойынша шаралар қабылдау, оның ішінде өз бастамасымен сот тапсырмаларын беру, дәлелдемелерді талап ету, тараптардың дәлелдерінің негізділігін және сотқа берілген дәлелдемелердің шынайылығын тексеру өкілеттіктері берілді.

Сот іске қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп, процестік әрекеттерді жасаудың немесе жасамаудың салдары туралы ескертеді. Сондай-ақ, олардың құқықтық позициялары мен дәлелдемелерін нақтылап, олармен істің мән-жайын талқылайды және осы кодексте көзделген жағдайларда, оларға өздерінің құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдеседі.

Сот тараптың уәжді өтінішхаты бойынша не өз бастамасы бойынша істің материалдарын жинау және зерттеу, тараптар дәлелдерінің негізділігін және сотқа ұсынылған дәлелдемелердің анықтығын тексеру бойынша шаралар қабылдайды. Сонымен бірге, азаматтық сот ісін жүргізу міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.



Камшат САДУАҚАСОВА,
Арал аудандық сотының төрағасы

Өзгерістер бойынша татуластыру рәсімдерінің қолданыс аясы кеңейтілді. Дау реттелген жағдайда судья талап қою арызын өзінің іс жүргізуіне қабылдап, тиісті келісімді бекітеді. Егер келісімге қол жеткізілме-

се, сот тараптардың істі сол судьяның қарауына келісімін анықтауға, ал, ол болмаған жағдайда талапты басқа судьяға қайта бөлу үшін беруге міндетті. Тараптарды татуластыру үшін талап арызды қабылдау мерзімі 10 жұмыс күніне дейін созылады. Сондай-ақ, азаматтық істер бойынша апелляциялық және кассациялық саты соттарында істерді сотта қарауға дайындау барысында да татуластыру рәсімдері жүргізіледі.

Процеске қатысушылардың жауапкершілігін арттыру мақсатында аталған кодекс сот приставының және аудармашының ұғымдары, өкілеттіктері, құқықтары мен міндеттері қаралған 56-3 және 56-4 баптарымен толықтырылды.

Соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, яғни, соттағы цифрландыруды одан әрі дамыту үшін кодекс 133-4-баппен толықтырылып, сот талқылауының аудио-бейнежазбасы электрондық хаттама деп танылды. Толықтығын, құрылымы мен сапалы тыңдалуын қамтама-

сыз ететін электрондық хаттамаға қойылатын техникалық талаптарды АПК-нің талаптарын ескере отырып, соттар қызметінің ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын орган айқындайды.

Электрондық құжат және құжаттың электрондық көшірмесі ұғымдарының аражігі ажыратылды. Процесске қатысушылардың өздерінің техникалық құралдарын пайдалану тәртібін реттейтін нормалар енгізілді. Бұл ретте, соттар қатысушыларға бейне емес, тек талқылаудың дыбысжазбасын беретін болады. Сонымен қатар, аудио-бейнежазба материалдарымен танысу құқығы сақталуы тиіс.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, сот бұйрығын, атқару парағы аумағы бойынша жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына жіберіледі. Бұл олардың тікелей жеке сот орындаушысына жіберілуіне, сондай-ақ, жеке сот орындаушыларының мемлекеттік баж бойынша өндіруді қайтаруына жол бермейді. АПК-ға енгізілген өзгерістер бойынша қатысушыларға сот актілерін жіберу мерзімі бірыңғай 3 күнге қысқартылғанын айтып өткен жөн. Заңнамаға заман талабына сай түзетулер енгізілетінін ескерсек, осы және өзге де толықтырулардың тиімді жұмыс атқаруға зор ықпалы болады деп сенемін.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ТАҒЫЛЫМ

ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯҒА
ЖАЗАЛАУ ҰҒЫМЫ ЖАТ

«ТӘРБИЕ ДЕГЕНІМІЗ – ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІ БЕЛГІЛІ БІР АДАМГЕРШІЛІК DAҒДЫЛАРЫН МЕҢГЕРУГЕ КӨНДІРУ МАҚСАТЫМЕН БІР АДАМНЫҢ ЕКІНШІ АДАМҒА ЖАСАЙТЫН ЫҚПАЛЫ». ОРЫС ЖАЗУШЫСЫ ЛЕВ ТОЛСТОЙДЫҢ ОСЫ СӨЗІНІҢ АСТАРЫНДА ҮЛКЕН МӘН ЖАТЫР.

Бесікке баулудан бастап, оқу, білім алу, ғылым іздену, мамандық игеру, қызмет ету, отбасын құрып, ұрпақ жалғастыру секілді өмірлік қағидаттар өмірлік тәрбие және адамдық борыш болып табылады. Ал, осы тәрбиені баланың бойына сіңіру, дарыту – әрбір ата-ананың міндеті.

Ешкімнің ала жібін аттатпау, қырық үйден тыю деген секілді қазақтың дәстүрге айналған тәрбиелік ғұрыптары қазақы болмыс пен қасиетті ұлықтаумен қатар, құқықтық тәрбиені де дәріптейді. Ал, енді бұл орайда, бастысы, осыншама тәрбиенің көптеген тетіктерін ата-ана балаға қалай үйретуде, беруде, сонысы ойландырады.

Әрбір ата-ана баласының құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету тұрғысында олардың оқып, білім алып, толыққанды жетілуіне, өмірлік қажеттіліктердің бөрімен қамтылуына жағдай жасау керек. Қазіргі таңда бала тәрбиесі қоғам назарында, ал бірақ, сол бала тәрбиесіне ата-ана тарапынан көңілдің бөлінуі ақсап жатыр десек қате емес. Себебі, тіршілікте балалар тарапынан орын-алып жатқан қоғамдық кілттандардың, құқықбұзушылықтардың, жат әрекеттердің бәрі ата-ана тарапынан жіберілген олқылықтың салдары. Баланы тәрбиелеуде ата-ананың өзінің не біліп, не істейтіні маңызды-ақ. Бірақ, оның ықпалымен баланың не біліп, не



істейтіні одан да маңыздырақ. Тәрбиелеу осымен бағаланады.

Енді тәрбиенің құқықтық қырына тоқталайық. Жөнді тәрбие марапатқа, жөңсіз тәрбие алапатқа жетелейді. Баланың дұрыс тәрбие алып, түзу жолмен өсіп-жетілуі өзіне де, жан-жағына да жақсылық әкеледі, ал тәрбиесіз бала жаман әдеттер мен жат қылыққа бейім болып, құқық бұзушылыққа жол береді. Ал, құқық бұзушылық, жат қылық үшін жауапкершілік пен жаза бар.

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінде (бұдан ары – ӘҚТК) «Көмелетке толмағанның құқығына қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтар» деп аталатын 12-тарау бар. Сол тарауға кіретін 127-баптың 1-бөлігінде «көмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ, оларға күтім жасау және күтіп-бағу жөніндегі міндеттерді орындамау» үшін ата-анаға не өзге де заңды өкіліне 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл салу, ал 2-бөлікте осы әрекет бір жыл ішінде қайталанғаны үшін 15 АЕК немесе 5 тәулікке әкімшілік қамалқа алу түрінде әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Қазақстан Рспубликасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінде (бұдан ары – ӘҚТК) «Көмелетке толмағанның құқығына қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылықтар» деп аталатын 12-тарау бар. Сол тарауға кіретін 127-баптың 1-бөлігінде «көмелетке толмаған адамды тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ, оларға күтім жасау және күтіп-бағу жөніндегі міндеттерді орындамау» үшін ата-анаға не өзге де заңды өкіліне 10 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде айыппұл салу, ал 2-бөлікте осы әрекет бір жыл ішінде қайталанғаны үшін 15 АЕК немесе 5 тәулікке әкімшілік қамалқа алу түрінде әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Баланың мектепке бармай, білім алудан жалтарып, сабақтан себепсіз қалуы, қайыршылықпен айналысуы, үйден қашуы, қылмыстық жолға ұрынуы, үйде ата-анасына, білім ошағында мұғалімдер мен тәрбиешілерге бағынбауы, девиантты мінез-құлпқа бейімделуі секілді әрекеттер, жалпы көмелетке толмаған бала жасаған кез келген құқықбұзушылықтар үшін оның өзіне емес, ата-анасына жауапкершілік жүктеледі. Яғни, осының бәрі үшін ата-ана жауапты болады. Себебі, «көмелет» деген сөздің өзі ақыл-есі толысып, санасы толық жетілмеген, дамымаған деген ұғымды білдіреді. Демек, олардың істеген жат қылықтары өздерінің түйсігіне емес, оның дұрыс өсіп-жетілу прогресінде ата-ананың оған беріп жатқан тәрбиесіне байланысты орын алып жатқан

жағдай болып саналады. Ал, бұл фактілердің барлығы – ата-ананың бала алдындағы құқықтары мен міндеттері және соларды дұрыс атқармау деген түсінікті айқындайды.

ӘҚТК-тің 127-бабы бойынша әкімшілік жаза биылғы жылы 10 АЕК-ке өзгертілді, яғни айыппұл мөлшері өсті, бұрынғы заң талабында 3 АЕК көзделген болатын. Яғни, жауапкершілік қатаңдады деген сөз. Бұлай болуының себебі – неғұрлым қатаң жаза көзделген сайын жауапкершіліктің барын ата-ананың сезінуге тиіс екендігінде.

Ата-ана баланы тәрбиелегенде дәл өзіндей етіп тәрбиелеуге тырыспау керек, олар баланы өзінен күшті етіп тәрбиелеуі тиіс. Өйткені, олардың заманы ата-аналарының өмір сүріп отырған заманына қа-

рағанда анағұрлым күрделі, талабы жоғары болатынын ұмытпаған жөн. Қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек. ӘҚТК-те тек бір осы ғана көмелетке толмағандардың құқығына қол сұғатын әкімшілік құқықбұзушылық бойынша бап көзделмеген.684-баптың талаптарына сәйкес 435, 436 (үшінші бөлігінде), 438 (үшінші бөлігінде), 440 (үшінші бөлігінде), 442 (үшінші бөлігінде), 448-баптарында көзделген әкімшілік құқықбұзушылықтар, сонымен қатар, 127, 127-1, 128, 129, 130, 131, 133, 134, 135, 430 (екінші бөлігінде), 663-баптарында көзделген әкімшілік құқықбұзушылықтар да бар. Мұның бәрін көмелетке толмағандар ісі жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот қарайды.

Енді статистика жағынан мәліметтер легіне де көз жүгіртетін болсақ, Жамбыл облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының өндірісінде 2020 жылдың 5 айында көмелетке толмағандарға қатысты 142 әкімшілік іс қаралған. Оның ішінде 114 іс бойынша әкімшілік жаза түрі – айыппұл салынған, 28 іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды. Қаралған істердің басым көпшілігі жоғарыда ерекше тоқталып кеткен 127-бап бойынша, яғни ата-ананың көмелетке толмаған баласын тәрбиелеу және (немесе) оған білім беру, оның құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі, сондай-ақ, оларға күтім жасау және күтіп-бағу жөніндегі міндеттерді орындамағаны үшін қаралған істер. Былтырғы жылдың 5 айында 127-бап бойынша тек 4 іс сотқа түссе, биылғы жылда олардың саны 78-ге жеткен. Осының өзі сан көп, сапа жоқ екенін көрсетеді. Яғни, тәрбиелеудің сапасыздығынан, құқықтар мен міндеттердің орындалмай жатқандығынан жауапқа тартылу көп.

Анаммен (өкеммен) бірге тұрғым келмейді, мінезіміз жараспайды, ішімдік ішеді, үйден қуады, ұрып-соғады, міне, осындай пікірдегі балаларды істі қарап зерделеу кезінде көп кездестіреміз. Бұдан кейін баланың өмірге деген құштарлығы қайдан болсын, әрине, басы ауған жаққа кетіп, ойына келгенін істеуге әдеттенеді. Сондықтан да қазақ «баланы тәрбиелемес бұрын алдымен өзінді тәрбиеле» деп бекер айтпаған.

«Қызды ұрған – жүдететінін, ұлды ұрған – түзететінін» жіктей алуымыз керек. Қызды қалай, ұлды қалай тәрбиелеудің жөні мен жолын білуіміз керек. Балаға берілген дұрыс тәрбие – бұл бақытты көрілік, қате тәрбие – біздің келешектегі сорымыз, біздің көз жасымыз. Жақсы отбасында жазалау деген атымен болмайды. Ал бұл – отбасы тәрбиесінің ең дұрыс жолы.

Айгүл БЕКСҰЛТАНОВА,
Жамбыл облысының көмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанәхмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Айгүл АХМЕТОВА**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібай 8 701 357 66 84.
Ақмола облысы	Қалкөз Жүсіп 8 701 300 14 74.
Түркістан облысы	Шадияр Мекенбайұлы 8 775 733 56 65.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «Б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61
E-mail: zanreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6019 дана
Апталық таралым 12 038 дана
Тапсырыс №93 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31